

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ
2015 ЖЫЛ





«Бүгінде көптеген жайттар Ұлы Қазақстан жолы мен Мәңгілік Ел идеясын бастап отырған өзімізге байланысты. Біздің ұзақ мерзімді, орта мерзімді және таяу болашаққа арналған іс-қимыл стратегияларымыз бар.

Біз бұған дейін қабылданған бағдарламаларға сәйкес, білім беру және денсаулық сақтау салаларын жаңғыртуды жалғастыруымыз керек.»

*«Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда:
өсім, реформалар, даму»
Қазақстан Республикасының Президенті –
Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы
2015 жылғы 30 қараша*





МАЗМҰНЫ

◆ КІРІСПЕ	3
◆ 2015 ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ФАКТІЛЕРІ	5
◆ 1-БӨЛІМ. БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ	7
◆ 2-БӨЛІМ. НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ	9
◆ 3-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ.....	11
3.1. ОҚУШЫЛАРДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ	12
3.2. ВИРТУАЛДЫҚ ЖӘНЕ КАНИКУЛЯРЛЫҚ МЕКТЕПТЕР	14
◆ 4-БӨЛІМ. ПЕДАГОГ КАДРЛАР	17
4.1. МҰҒАЛІМДЕРДІ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ	18
4.2. ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ	18
4.3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ	21
4.4. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ АКТ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІНІҢ БАҚЫЛАУЫ	24
4.5. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АЛДЫН-АЛА ЖӘНЕ МАҚСАТТЫ КӘСІБИ ДАМУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ	26
4.6. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАЦИЯЛАУ.....	26
4.7. МҰҒАЛІМДЕР ЖЕТІСТІГІ.....	27
◆ 5-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ	29
5.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	30
5.2. ОҚУ РЕСУРСТАРЫ	33
5.3. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ.....	42
5.4. ДББҰ-НЫҢ ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ	45
◆ 6-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ.....	49
6.1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ	50
6.2. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ	57
6.3. 11 ЖӘНЕ 12-СЫНЫПТАРДАҒЫ СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ.....	58
6.4. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ АККРЕДИТАЦИЯСЫ	61
◆ 7-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	65
7.1. ОҚУ ҮЛГЕРІМІ МЕН САПАСЫ	66
7.2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАР, ҒЫЛЫМИ КОНКУРСТАР, КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСҚАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ	67
7.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНДАР НӘТИЖЕЛЕРІ	70
7.4. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ТҮСУ	72
◆ 8- БӨЛІМ. ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ	75
8.1. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ	76
8.2. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ	76
8.3. ТРЕНЕРЛЕРДІ КӘСІБИ ДАМУЫ	81
8.4. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КУРСАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ	82
8.5. БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ САПАСЫНЫҢ МОНИТОРИНГІСІ	82
8.6. «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ – ЕЛІМІЗДІҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІ ҮШІН РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ	84
8.7. ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЖЕЛІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҒЫН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫ	86
8.8. КОНФЕРЕНЦИЯЛАР.....	88
8.9. ҚР ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ	90

ΚΙΡΙΣΠΕ



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (ДББҰ) 2015 жылы оқу ісін Жоғарғы қамқоршылық кеңесінің 2013 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен мақұлданған 2020 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес жүзеге асырды.

“

<http://www.nis.edu.kz/ru/about/str-doc/>

Стратегияның алдына қойған мақсатына жету үшін 7 бағыт бойынша 9 міндет белгіленген:

“

ДББҰ Даму стратегиясында қарастырылған Мақсат: Үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибе мен дағдыны кіріктіретін, инновациялық білім беру моделін құру және енгізу.

- 1) Басқару және менеджмент;
- 2) Оқыту және оқу;
- 3) Білім беру сапасын бағалау;
- 4) Кәсіби даму;
- 5) Оқушылардың құрамын қалыптастыру;
- 6) Зияткерлік мектептер желісін құру және дамыту;
- 7) Тәжірибені тарату.

Белгіленген көрсеткіштер мен міндеттерге қол жеткізу ең алдымен оқушылардың білім сапасын арттыруға, олардың жоғары оқу жетістігіне жетуге және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін еліміздің орта білім беру жүйесіне жеткізуге бағытталған.

“

<http://www.nis.edu.kz/ru/about/reports/>

2015 ЖЫЛДЫҢ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ФАКТІЛЕРІ



20 Назарбаев Зияткерлік мектептерін құру туралы стратегиялық міндеті жүзеге асырылды

- Алматы, Петропавл және Ақтау қалаларында Зияткерлік мектептердің ашылуы
- Талдықорған қаласы Зияткерлік мектебіне басқа қалалардан келіп оқитын оқушылар үшін жатақханалардың ашылуы

Астана қаласының Зияткерлік мектебі Халықаралық бакалавриаты негізгі мектебінің (МҮР) бағдарламасы бойынша қолдануға ие болды

- 15 Зияткерлік мектептің халықаралық аккредитация алу үшін Халықаралық мектептер кеңесінің мүшесіне қабылданды
- Еліміздің жалпы білім беретін 30 пилоттық мектептерінде ДБҰ Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен бірлесе отырып әзірлеген бастауыш мектеп бағдарламалары бойынша жаңартылған білім беру мазмұнын апробациялау жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды
- үміткерлердің 99% «Алтын белгі» белгісін дәлелдеді
- үміткерлердің 97% үздік аттестатты дәлелдеді
- 12 сынып оқушылары арасында 963 оқушының ағылшын тілі бойынша IELTS Халықаралық емтиханнан 6 және 8 балл аралығында көрсеткішке ие болды
- 10 Зияткерлік мектебі 218 бітіруші SAT халықаралық сертификаты бойынша жоғары көрсеткіштерді иеленді
- Астана қаласы Зияткерлік мектебін бітірушілердің 92% Халықаралық Бакалавриат Дипломын алды
- Мектеп бітірушілердің 99,9 % жоғары оқу орындарына түсті, оның ішінде 94% мемлекеттік грантты иеленді

Зияткерлік мектептерде:

- 13 448 оқушы білім алады
- 2 759 педагогтар жұмыс жасайды
- Зияткерлік мектептердің 24 педагогі Назарбаев Университеті магистратура бағдарламасын аяқтап, академиялық дәрежеге ие болды
- 22 педагог «Болашақ» Халықаралық бағдарламасы шеңберінде білім алды және тағылымдамадан өтті
- Шетелдік мамандардың орнын алмастыру саясаты шеңберінде 220 қазақстандық педагог кадрлары даярланды

¹ Бір мектеп аяқтаушы Назарбаев Университетінің 1-ші курсына қабылданды, бірақ оқудан өз еркімен бас тартып, Кремний алқабында Apple компаниясының бағдарлама жасаушы инженерлер тобымен бірге жұмыс жасауда. Тағы бір оқушы ата-анасының Ресей Федерациясына көшуіне байланысты ЖОО түскен жоқ.

1-БӨЛІМ. БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ



Жоспарлы жұмыс шеңберінде Зияткерлік мектептердің автономиясын кеңейту бойынша оларға кадрларды конкурс негізінде жұмысқа алу (педагог қызметіне теңгерілген қызметкерлерге), аттестация жүргізу (педагогтарға – «мұғалім» педагогикалық шеберлігі, педагог қызметіне теңгерілген қызметкерлерге), тауар және қызметтің кейбір түрлерін сатып алуға құқық берілді.

Зияткерлік мектептері жұмысының ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ететін мектептің Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ұйымдастырылды.

Есепті кезеңде:

- ДББҰ Қамқоршылық кеңесінің 5 отырысы;
- Қамқоршылық кеңесі Төрағасының «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ педагогтармен жылдық кездесуі,
- ДББҰ Басқармасының 60 отырысы;
- Зияткерлік мектептердің Директорлар кеңесінің 5 отырысы өткізілді.
- 112-ден аса ДББҰ ішкі құқықтық актілері бекітіліп жетілдірілді.
- Жеке және заңды тұлғалар тарапынан оқу процесіне қатысты 110-нан аса өтініштер қаралды, оның ішінде 49-ы – «сенім телефоны» арқылы келіп түскен өтініштер.
- 1000-нан аса басылымдар газет және журнал беттерінде жарық көрді, 5 500 интернет жарияланымдары болды, соның ішінде 3000 әлеуметтік желілерде, 500-ден аса теледидат сюжеттері экранға шықты.

**2-БӨЛІМ.
НАЗАРБАЕВ
ЗИЯТКЕРЛІК
МЕКТЕПТЕРІНІҢ
ҚҰРЫЛЫСЫ**



Еліміздің аумақтарында барлығы 20 Зияткерлік мектептері жұмыс жасайды: Алматыда (2), Атырауда, Ақтөбеде, Астанада (2), Көкшетауда, Қарағандыда, Қостанайда, Қызылордада, Оралда, Өскеменде, Павлодарда, Петропавлда, Семейде, Таразда, Талдықорғанда және Шымкентте (2).

Карта. Зияткерлік мектептері және олардың ашылу жылдары



Семей және Өскемен қалаларында Зияткерлік мектептерінің жаңа ғимараттары және Көкшетау қаласында жатақана құрылысы жалғасуда.

3-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

2015 жылдың соңына 20 Зияткерлік мектепте 13 448 оқушы білім алуда. Олардың ішінде 818-і 1-6 сынып оқушылары және 12 630-ы 7-12 сынып оқушылары. Зияткерлік мектептердің жатақханаларында 2 039 оқушы тұрып жатыр. Оқушылардың жалпы санынан 5 300-ден астамы келесі санаттарға жатады:

Кесте. Әлеуметтік-экономикалық жағдай
(2015 жылдың 1 қазанына дейінгі мәліметтер бойынша)

Көрсеткіштер	Оқушылар саны
Толық емес отбасының балалары	2 103
Көп балалы отбасының балалары	1 501
Ата-аналары зейнеткер	238
Екі ата-анасы да жұмыссыздар	1 166
Ата-аналары мүгедектер	244
Қамқоршылықтағы балалар	34
Мүгедек балалар	33
Ауылдық жерлердің балалары	1 285
Шағын қалалар мен аудан орталықтарының балалары	1 650

3.1. ОҚУШЫЛАРДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

2015 жылы 20 Зияткерлік мектептер үшін 6 конкурстық іріктеу жүргізілді.

Осыған орай оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру мен сандық сипаттамаларға сүйене отырып, оқушылардың қабілеттерін анықтауға бағытталған 1 010 тапсырма құрастырылды; берілген тапсырмаларға апробация және сараптау жүргізілді; 7-сыныпқа үміткерлердің 13 540 жұмысы статистикалық өңдеуден өткізілді.

Конкурстық іріктеуге 1-10(11) сыныптардан 14 777 үміткер қатысты, олардың ішінен 2 858 оқушы іріктеуден өтті.



Конкурстық іріктеу кезінде үміткерлерді тіркеу, Өскемен қаласы, 2015 жыл

2015-2016 оқу жылындағы 7-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Грант үшін конкурста еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің 6-сыныптарынан 13 540 оқушы қатысты.

Жыл сайын 1 орынға үміткерлер санының артуы байқалады. Осы есеп беру жылында конкурстық іріктеуде бір орынға 6,1 адамнан келді.

1-кесте. Жылдар бойынша динамикада Зияткерлік мектептерінің 7-сыныбына іріктеу үшін үміткерлердің саны

Конкурстық іріктеу өткізілген жылдар	Үміткерлер саны	Бос орындар саны	1 орынға конкурс
2014	14 458	2 476	5,8
2015	13 540	2 236	6,1


ПӘНДІК ТЕСТ НӘТИЖЕСІ

Пәндік тест бойынша орташа балл максималды ықтимал 1000 балдан **527 балды** құрады. Максималды балды (984) Астана қаласының үміткері жинады.

ҚАБІЛЕТТІЛІК ТЕСТ НӘТИЖЕСІ

Қабілеттілік тест бойынша **максималды 134 балдан** орташа балл **67,2-ні** құрады. Пәндік тест бойынша **максимал балды (132)** Астана қаласының үміткері жинады.

Диаграмма. 2014, 2015 жылдардағы пәндік тест пен қабілеттілік тестінің (орташа балл) нәтижелері




Диаграммадағы мәлімет бойынша пәндік тестінің және қабілеттілік тестінің орташа балының өсу динамикасы байқалады.

3.2. ВИРТУАЛДЫҚ ЖӘНЕ КАНИКУЛЯРЛЫҚ МЕКТЕПТЕР

Жалпы білім беру мектептері оқушыларын Зияткерлік мектептердің іріктеу конкурсына даярлау үшін облыстық (қалалық) білім басқармаларымен бірлесе «Виртуалдық мектеп» және «Каникулярлық мектеп» жобаларын жүзеге асыру жұмыстары жалғасты.

Диаграмма. 2014, 2015 жж. Виртуалдық және Каникулярлық мектептердің қатысушылар саны.



Жыл сайын Виртуалдық және Каникулярлық мектеп қатысушылары санының өсу динамикасы байқалады.

Виртуалдық мектеп

Есептік кезең бойынша Виртуалдық мектеп жұмысында орта білім беру ұйымдарының 4452 оқушысы қатысты, бұл 2014 жылғы көрсеткішке қарағанда 1660 адамға артқан. Ең көп қатысушылар саны Астана қаласында (626 адам).

Кесте. 2015 ж. Виртуалдық мектеп қатысушыларының саны, адам

№	Зияткерлік мектептер	ВМ қатысушылары (5 сынып)	ВМ қатысушылары (6 сынып)	Барлығы
	Астана қ. ФМБ	257	369	626
	Кокшетау қ. ФМБ	178	220	398
	Өскемен қ. ХББ	187	144	331
	Семей қ. ФМБ	59	123	182
	Талдықорған қ. ФМБ	109	87	196
	Орал қ. ФМБ	118	158	276
	Ақтөбе қ. ФМБ	54	217	271
	Қарағанды қ. ХББ	126	216	342
	Шымкент қ. ФМБ	125	171	296
	Шымкент қ. ХББ	117	171	288
	Павлодар қ. ХББ	134	249	383
	Қызылорда қ. ХББ	99	121	220
	Тараз қ. ФМБ	75	109	184
	Атырау қ. ХББ	187	143	330
	Алматы қ. ФМБ	0	129	129
	БАРЛЫҒЫ	1 825	2 627	4 452

Каникулярлық мектеп

Виртуалдық мектептің тапсырмалары мен бейіндік пәндер бойынша тесттерді сәтті орындап шыққан оқушылар Каникулярлық мектепте математика, қазақ, орыс, ағылшын тілдері пәндері бойынша күндізгі оқу сабақтарына қатысу үшін аймақтық Зияткерлік мектептерге шақырылады.

Виртуалдық мектеп қатысушыларының 59,5% Каникулярлық мектепке оқуға шақырылды.

Есептік жылда Каникулярлық мектепке жалпы білім беру ұйымдарының 5 сыныбының 966 оқушылары, 6 сыныптардың 1684 оқушылары қатысты, бұл 2014 жылғы көрсеткіштен 1134 адамға артқан. Белсенді қатысқан Астана қ. балалары (барлығы 465).

*Виртуалдық және Каникулярлық мектеп жобаларының тиімділігі дәлелденуде
- 34,7% оқушы ҚР Тұңғыш Президентінің - Елбасының «Өркен» білім беру
грантының иегері атанды*





4-БӨЛІМ. ПЕДАГОГ КАДРЛАР

Зияткерлік мектептерде 2 759 мұғалім қызмет атқарады, олардың 2 459-ы қазақстандық және 300-і шетелдік педагогтар.



4.1. МҰҒАЛІМДЕРДІ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

Жаңадан ашылған Зияткерлік мектептердің (Ақтау, Алматы, Петропавл ққ.) мұғалімдер құрамын қалыптастыру және жұмыс істеп тұрған мектептердегі жетіспейтін кадрларды жинақтау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Конкурстық іріктеудің ашықтығы мен автоматтандырылуын қамтамасыз ету үшін алғаш рет пәндік білім бойынша тестілеу компьютерлік форматта өткізілді.

Қазақстандық мұғалімдерді конкурстық іріктеу

2014-2015 оқу жылы іріктеуге 2 572 үміткер қатысты, олардың ішінде 296 адам Зияткерлік мектептерге жұмыс істеуге ұсынылды, 186 педагог қызметкер өз уақытында бос лауазымды орындарға орналастыру үшін резервке қойылды. Конкурстық бір орынға үміткер адамдар саны - 7 адам.

“

<http://www.nis.edu.kz/ru/teachers/teach-notice/>

Шетелдік мұғалімдерді жалдау

Үштілді оқыту саясатын іске асыру мақсатында жоғары мектепте бейінді пәндерді ағылшын тілінде оқыту білікті шетелдік мұғалімдерді тарту арқылы ұйымдастырылады. Шетелдік мұғалімдерді жалдау Зияткерлік мектептер қызметінің ерекшелігін ескере отырып, жеке әңгімелесу негізінде кәсіби құзыреттіліктерін бағалау қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

Жалдау бірнеше стратегиялық серіктестермен ынтымақтастықта жүзеге асуда:

Teachanywhere (Ұлыбритания), Teacher International Consultancy (Ұлыбритания), Search Associates (Ұлыбритания), Edvectus (Ұлыбритания), Teach Away (Канада).

Есепті кезеңде 2 мыңнан аса шетелдік мұғалімдердің құжаттары қарастырылып, үміткерлермен 300-ден астам әңгімелесулер өткізілді, олардың 92-сі еңбек ету үшін Зияткерлік мектептерге алғаш рет шақырылды.

208 шетелдік мұғалімдермен 2015-2016 оқу жылына еңбек шарттары жалғастырылды.

4.2. ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

ДББҰ-ы мұғалімдердің біліктілігін арттыру, кадрлық резервтерді құру және шетелдік мамандарды ауыстыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп жатыр.

Мұғалімдердің сапалық құрамының көрсеткіштері жыл сайын жақсарып келеді.

Кесте. Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлерінің сапалық құрамы

Академиялық дәреже	2014	2015
PhD докторы	–	2
Ғылым кандидаты	15	15
Магистр	351	582
Назарбаев Университетінің магистранты	24	25
«Болашақ» бағдарламасының түлегі	35	48


Жасы мен жұмыс өтілдері

40 жасқа дейінгі мұғалімдердің үлесі қазақстандық мұғалімдердің жалпы санының 64,9%-н құрады (2 459):

- 30 жасқа дейін – 946 (38,4%);
- 31 - 40 – 652 (26,5%);
- 41- 50 – 535 (21,8%);
- 51-ден жоғары – 326 (13,3%).

Мұғалімдер өтілі бойынша төмендегі топтарға бөліп, қарастырылады:

- өтілі жоқ мамандар – 120 (4,8%),
- 10 жылға дейін – 1 110 (45%),
- 11-ден 20 жылға дейін – 590 (24%),
- 20-дан 30 жылға дейін – 484 (20%),
- 31-ден 40 жылға дейін – 149 (6%),
- 41 және жоғары – 6 (0.2%).



Кесте. Мұғалімдер санын өтілі бойынша бөлу

Талдау көрсеткендей, Зияткерлік мектептерде жас мұғалімдер (10 жылға дейінгі өтілі бар – жалпы контингенттен 49,8%) мен тәжірибелі мамандар (11-ден жоғары өтілі бар - 50,2%) теңгерімі сақталуда.

Гендерлік құрам: мұғалімдердің жалпы саны бойынша 27,6% ерлер және 72,4% әйелдер құрайды.

Кесте. Зияткерлік мектептер бойынша гендерлік құрам

№	Мектептер атауы	Барлық мұғалімдер	Жынысы	
			ер	әйел
1	Астана қ. НЗМ	117	25	92
2	ФМБ Астана қ. НЗМ	160	41	119
3	ХББ Атырау қ. НЗМ	124	29	95
4	ХББ Ақтау қ. НЗМ	83	17	66
5	ФМБ Ақтөбе қ. НЗМ	136	39	97
6	ФМБ Алматы қ. НЗМ	134	40	94
7	ХББ Алматы қ. НЗМ	119	49	70
8	ХББ Қарағанды қ. НЗМ	116	29	87
9	ФМБ Қостанай қ. НЗМ	106	25	81
10	ХББ Қызылорда қ. НЗМ	119	40	79
11	ФМБ Көкшетау қ. НЗМ	126	22	104
12	ХББ Петропавл қ. НЗМ	84	19	65
13	ХББ Павлодар қ. НЗМ	120	27	93
14	ФМБ Семей қ. НЗМ	120	26	94
15	ФМБ Талдықорған қ. НЗМ	121	26	95
16	ФМБ Тараз қ. НЗМ	138	35	103
17	ФМБ Орал қ. НЗМ	114	39	75
18	ХББ Өскемен қ. НЗМ	108	21	87
19	ХМБ Шымкент қ. НЗМ	127	45	82
20	ФМБ Шымкент қ. НЗМ	116	75	41
21	Астана қ. халықаралық мектебі	71	10	61
Барлығы		2 459 (100%)	679 -27,60%	1 780 -72,40%

Жыл сайын Зияткерлік мектептер желісінде бірнеше жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан шетелдік мұғалімдер саны артып келеді: 5 жыл жұмыс өтілі – 7 адам, 4 жыл – 20 мұғалім, 3 жылдан артық – 65, 2 жылға жуық – 116 адам.

Кесте. Шетелдік мұғалімдердің сапалық құрамы

Академиялық дәрежесі	Саны	%
Доктор	8	2,6 %
Магистр	157	52,3%
Postgraduate Certificate in Education (PGCE)	69	23 %
Халықаралық оқыту сертификаттарына ие (CELTA, DELTA, IBDP, TESOL, ESL, TEFL, IELTS емтихан алушылары, QTS)	111	37 %



Зияткерлік мектептердегі шетелдік мұғалімдер пәндерді оқытумен қатар:

- Назарбаев Университеті және халықаралық университеттерге оқуға түсу үшін IELTS, TOEFL, SAT, SET емтихандарына дайындық сабақтарын өткізеді;
- Зияткерлік мектептердің ішкі желісінде біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырады;
- пән мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастығы, әлеуметтік жобалар жұмысына қатысады;
- сабақтан тыс және әдістемелік жұмыстар өткізеді;
- CIS (Council of International Schools) халықаралық мектептер аккредитациясына дайындық жұмыстарына қатысады;
- оқулықтар мен бағалау құралдарын әзірлеуге қатысады.

4.3. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ

Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің әлеуетін арттыру мақсатында оларды кәсіби дамыту жалғасуда, біліктіліктерін арттыру курстары бірнеше деңгейлік сатыда өткізілуде:

- мектепшілік оқыту курстарынан өткен мұғалімдер саны - 6 320 адам;
- мемлекеттік деңгейде өткізілген 29 оқыту курстарын бітірген мұғалімдер саны – 6 736 адам;
- шетелдік деңгейдегі 4 оқыту бағдарламасын аяқтаған мұғалімдер саны – 63 адам;

II Кембридж Халықаралық Емтихандар Кеңесі курстарында 1416 адам оқып шықты. Біліктілікті арттыру курстарында оқудан өткен педагог қызметкерлердің жалпы саны 14 535 адамды құрайды. Орта есеппен әр мұғалімге 6-7 курстан ұйымдастырылады. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру келесі бағдарлар бойынша жүзеге асырылды:

- жаңадан ашылған мектептер мұғалімдерінің кәсіби дамыту бағытын белгілеу мақсатында біліктілікті арттыру мен кәсіби қиындықтар сұраныстарын диагностикалау;
- педагогикалық шеберлік деңгейлеріне байланысты мұғалімдер біліктілігін ұйымдастыру;
- тәлімгерлік және коучинг арқылы педагогикалық қоғамдастық аясында бетпе-бет оқытуды жүзеге асыру мақсатында ішкі ресурстарды қолдану (сертификатталған тренерлер, түрлі бағдарламалар бойынша оқудан өткен мамандар, педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіндегі мұғалімдер);
- педагогикалық шеберлік орталығының сайтында желілік өзара іс-қимыл мүмкіндігін қолдана отырып, әдістемелік «жинақтағыштар» мен шығармашылық зертханалар құру;
- мұғалімдердің зерттеу дағдылары мен мәдениетін дамыту, халықаралық ғылыми конференцияларға мұғалімдердің қатысуы, жоғары импакт-факторы бар зерттеу нәтижелерін мақала түрінде журналдарда жариялау;
- біліктілікті арттыру мәселелері бойынша жоғары оқу орындарымен кәсіби өзара іс-қимыл ұйымдастыру.



Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесі аясында ел ішінде және шетелдік деңгейде мына бағыттар бойынша оқыту жүргізілді:

Бағыты	Курстардың атауы
Стандарттық емес ойлау, өнертапқыштық міндеттерді шешу дағдыларын және сын тұрғысынан ойлауды дамыту	• «Триз педагогикасы» әдістемесі бойынша «Жаратылыстану ғылымдарын оқыту аясында балалардың шығармашылығын дамыту» (30 адам); • Ойлау дизайны: инновациялық формалар мен оқыту әдістері» (200 адам); • «Ментальды арифметика» (20 адам); • «Дарынды балаларды оқытудың ерекшеліктері» (64 адам); • «Педагогикалық техника заманауи мұғалімнің аспаптар жинағы ретінде» (25 адам).
Мұғалімдердің тілдік құзыреттіліктерін дамыту	• CELTA (5 адам); • Ағылшын тілін қарқынды оқыту (100 адам).
Пәндік және кәсіби дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту	• «Тестілеу тапсырмаларын әзірлеу технологиялары» (Cito) (44 адам); • «SET-ке дайындалу» (18 адам); • «Эссе жазу әдістемесі» (39 адам); • «Балаларға арналған Монтессори педагогикасы» (10 адам); • «Паркур методикасын оқытуға кіріспе» (17 адам); • Физика, химия және биология мұғалімдеріне арналған оқыту курсы (PASKO зертханалық жабдықтарымен жұмыс) (40 адам); • «Есірткі құралдардың, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы, сақталуы және қолданылуы» (178 адам); • Қаржыгер емес мамандарға арналған қаржы (20 адам).
Білім беру үдерісінде АКТ құзыреттілігін дамыту және жаңа технологиялық құралдарды қолдану	• «Оқу-тәрбие үдерісінде сандық білім беру ресурстарын құрудың және АКТ-ны қолданудың дидактикалық қағидаттары» (17 адам); • «Microsoft сертифицикаталған педагогі» (60 адам); • «Педагогтерді сандық білім беру ресурстарын әзірлеуді білуге және дағдыларына оқыту» (44 адам); • «Роботтық техникалар бойынша тренерлерді дайындау» (17 адам)
Сабақта тиімді өзара іс-әрекет жасау, диалогтік оқыту мен белсенді әдістерді қолдану үшін қажетті коммуникативтік және жеке құзыреттілікті дамыту	• «Көңіл-күй зияткерлігі» (20 адам); • «Сахналық өнер технологиясы арқылы зияткер тұлғаны қалыптастыру (20 адам); • «Мақсатқа бірге жетейік» тимбилдингі (458 адам); • «Көпшілік алдында сөз сөйлеу негіздері: аудиториямен (әріптестермен, ата-аналармен және оқушылармен) байланыс, назар аударуды, композицияны басқару» (83 адам); • «Оқушың дарынын дамыту бойынша педагог-психолог қызметінің инновациялық формалары» (38 адам).
Білім беру мазмұнын жаңарту	• Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту аясында педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту курсы (48 адам); • Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартын апробациялау мониторингісінің әдіснамасы (16 адам)



ЖЕЛІЛІК КӘСІБИ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ДАМУ

Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің желілік кәсіби өзара іс-әрекеті Педагогикалық шеберлік орталығының порталы арқылы жүзеге асырылып, өзара іс-әрекеттестік келесі тақырыптық блоктар бойынша шығармашылық зертханалар форматында ұйымдастырылды:

1. Оқыту сапасын арттыру:

- «Ойлау дизайны»;
- «Балалардың дарындылығын дамыту»;
- «Оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту»;
- «Өнертапқыштық тапсырмаларды шешудің теориясы, ТРИЗ»;
- «Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту»;
- «Іс-әрекеттегі зерттеу мұғалім тәжірибесін жақсартудың құралы».

2. Кіріктірілген білім беру бағдарламасын қолдау:

- «Сабақты жоспарлау»;
- «Тестілеу тапсырмаларын әзірлеу»;
- «Жабдықтарды қолдану»;
- «Академиялық адалдық»;
- «Мұғалім көшбасшылығы».

3. Оқу үдерісін педагогикалық сүйемелдеу:

- «Білім беру үдерісін психологиялық сүйемелдеу»;
- Оқушыларды кәсіби бағдарға қолдау;
- Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Мұғалімді кәсіби тұрғыдан дамыту жұмыстары біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалім ресурстарын тиімді қолдану арқылы мектепшілік және желілік қоғамдастық аясында кәсіби өзара іс-әрекеттестікті арттыруға бағытталады.

«Іс-әрекеттегі тәжірибені зерттеу» жобасы аясында тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылды. Осы ретте Талдықорған, Павлодар ққ. Зияткерлік мектептер базасында «Іс-әрекеттегі тәжірибені зерттеуді» ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша желілік үйлестіру жиыны өткізілді (2015 жылғы сәуір).

Мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын арттыру бойынша жұмыстың тиімділігі Зияткерлік мектептердің халықаралық ғылыми конференцияларға қатысуымен және халықаралық деңгейде тәжірибесін көрсетуімен расталады.



Нурмаганбетова Жанар,
ағылшын тілі мұғалімі
(Астана қ.)

Редмонд қ. өткен (Вашингтон, АҚШ) «Microsoft сертификатталған педагогі» халықаралық форумы

Оспанова Назым,
ағылшын тілі мұғалімі
(Павлодар қ.)

Глазго қ. өткен халықаралық конференция (Шотландия), «Study of teachers' perceptions of collaborative culture and its effect on teachers' practices in NIS, Pavlodar» баяндамасы

Иманшарипова Арман,
физика мұғалімі (Астана қ.)

Генуя қ. (Италия) өткен «10-шы Еуропалық инновация және іскерлік» халықаралық білім беру конференциясы

Бисенгалиев Нурболат,
ағылшын тілі мұғалімі
(Астана қ.)

Будапешт қ. (Венгрия) өткен «ECER – 2015 білім берудегі зерттеу» халықаралық Еуропалық конференциясы

Елшибеков Нургали,
математика мұғалімі
(Тараз қ.)

Будапешт қ. (Венгрия) өткен «ECER – 2015 білім берудегі зерттеу» халықаралық Еуропалық конференциясы

Жумабаев Ринат,
математика мұғалімі
(Семей қ.)

Будапешт қ. (Венгрия) өткен «ECER – 2015 білім берудегі зерттеу» халықаралық Еуропалық конференциясы

Сосин Виктор, математика
мұғалімі (Талдықорған қ.)

Будапешт қ. (Венгрия) өткен «ECER – 2015 білім берудегі зерттеу» халықаралық Еуропалық конференциясы.

4.4. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ АКТ ҚҰЗЫ-РЕТТІЛІКТЕРІНІҢ БАҚЫЛАУЫ

Статистикаға сәйкес 2015 жылы Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің қазақ тілі білімінің жалпы деңгейі біршама артты: «қарапайым» деңгейіндегі оқытушылардың саны төмендеп, «жоғары» деңгейде қазақ тілін меңгерген мұғалімдердің саны артты. Осылайша, қазақ тілін игеру деңгейін тестілеуінен өткен 1773 қатысушының 1386-сы «орташадан» «жоғары» деңгейлерін растап шықты, бұл 78,1%-ды құрады.

2013 жылмен салыстырғандағы қазақ тілін меңгерудің сапалық қарқыны 21,1%-ды құрады.

2013 және 2015 жж. ҚАЗТЕСТ нәтижелері
бойынша салыстырмалы ақпарат



Британдық Кеңестің ағылшын тілін игеру деңгейін анықтауға арналған **APTIS** тесті нәтижесі бойынша тілдік құзыреттілік деңгейінің артқаны байқалады.

2013-2014 оқу жылы APTIS емтиханын тапсырған мұғалімдердің жалпы саны 1 595 адамды құраса, 2014-2015 оқу жылында – 1 425 адамды құрады.

Емтихан қорытындысы бойынша APTIS «B2» және «C» деңгейіндегі педагог қызметкерлердің пайызы 2013-2014 оқу жылында 19%-дан 2014-2015 оқу жылында 33%-ға дейін артты.

Кесте. Ағылшын тілін игерудің деңгейлерін бақылау нәтижесі (APTIS)²

Кезең	B 2	C	Тест тапсырушыларының пайыздық үлесі	Барлық тапсырушылар саны
2013-2014	188	121	19%	1 595
2014-2015	327	146	33%	1 425

Қазіргі уақытта Зияткерлік мектептердегі 882 педагог қызметкер 5-8 балл деңгейінде IELTS сертификатына ие болды:

- 381 пән мұғалімі;
- 340 ағылшын тілі мұғалімі;
- 13 мектеп директоры;
- 148 педагог қызметкер мен оларға теңестірілген тұлғалар.

Кесте. Ағылшын тілінде сабақ өткізетін мұғалімдер саны

Ағылшын тілінде оқытылатын пәндер	Ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдер
Математика	27
Химия	16
Физика	13
Биология	16
Информатика/АТ	25
Жаһандық келешек	83
Басқа пәндер (экономика, әлеуметтік ғылымдар және т.б.)	40
Барлығы	220

Мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі

2014-2015 оқу жылы **1 735** мұғалім АКТ құзыреттілігі деңгейін анықтау бойынша тестілеуден өтті, олардың ішінде:

- **989 (57%)** – жоғары деңгей;
- **639 (36,8%)** – орта деңгей;
- **107 (6,2%)** – төменгі деңгей (жаңадан ашылған мектептерде).

Кесте. Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігі деңгейі

Оқу жылы	Тапсырушылар саны	Жоғары	Орта	Төмен
2014	1 602 (100%)	268 (17%)	556 (35%)	778 (48%)*
2015	1 735 (100%)	989 (57%)	639 (36,8%)	107 (6,2%)

* төмен (615) және критикалық (163) деңгейлер

Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігі нәтижелерінің салыстырмалы талдауына сай, 2014 жылы жоғары және орта деңгейлерге жеткен мұғалімдердің үлесі 52% болса, 2015 жылы - 94%-ды құрады.

² B2/C – Тілдерді дамытудың жалпыеуропалық шкаласы бойынша ілгері/еркін игеру деңгейлері (CEFR)

4.5. МҰҒАЛІМДЕРДІҢ АЛДЫН-АЛА ЖӘНЕ МАҚСАТТЫ КӘСІБИ ДАМУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ



Шетелдік мұғалімдерді қазақстандық педагогтермен ауыстыру саясаты аясында жүйелік іс-шаралар жүзеге асырылуда:

- «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша тағылымдама оқулары;
- Назарбаев Университеті магистратурасы;
- шетелдік серіктестік мектептерімен біріге ұйымдастырылатын тағылымдама бағдарламалары.

2015 жылы Зияткерлік мектептердің **22** педагог қызметкері «Болашақ» стипендиясы иегері атанып, шетелдік оқу орындарында оқу мүмкіншілігіне ие болды;

- Кембридж университетінің Білім беру факультетін, Ұлыбритания - 9 адам;
- Хаамелина және Юваскула ққ. қолданбалы ғылымдар университеті, Финляндия – 2 адам;
- Сассекс университеті, Ұлыбритания – 11 адам.

Назарбаев Университетінде магистратура бағдарламасы бойынша Зияткерлік мектептердің 48 мұғалімі білім алуда.

Сонымен қоса, шетелдік серіктестік мектептер базасында бірнеше **тағылымдама** оқулары жоспарланып, өткізілді:

- Кембридж университетінің Білім беру факультеті (Ұлыбритания) SUPER-серіктестік мектептері тағылымдамасына Астана, Талдықорған, Өскемен, Көкшетау ққ. Зияткерлік мектептерінің 24 мұғалімдері қатысты;
- Сан-Матео қ. Кремний жазығының инновациялық орталығында өткен «Жоғары мектепте нақты ғылымдарды (STEM) оқытудың жаңа әдістемесі мен инновациялары» атты тағылымдамасын Зияткерлік мектептердің 10 педагог қызметкері аяқтады (Кремний жазығы, Калифорния, АҚШ).

4.6. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАЦИЯЛАУ

Педагог қызметкерлердің қызметтік бағалауын жетілдіру мақсатында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагог қызметкерлері және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестациядан өткізудің жаңа ережесі бекітілді.

«Модератор-мұғалім» педагогикалық шеберлік деңгейінен «шебер-мұғалім» деңгейлеріне үміткер педагог қызметкерлерді аттестациялау ДББҰ-ның аттестациялау комиссиясы арқылы өткізіледі.

Қызметкерлерді аттестациялау дербестігін кеңейту мақсатында базалық және бірінші деңгейге, сондай-ақ «мұғалімдікке» үміткерлерді аттестациядан өткізу жауапкершілігі мектеп аттестациялау комиссиясы құзыретіне берілді.

Есепті кезеңде аттестацияға 528 мұғалімдер, 95 педагог қызметкер мен оларға теңестірілген тұлғалар, 16 мектеп директоры, 60 директордың орынбасары, 1 бала бақша меңгерушісі қатысты.

Аттестацияның қорытындысы бойынша барлық мектеп директорлары өз лауазымдарына сәйкес келетінін расталып, директорлар орынбасарларының арасында бір адам лауазымдық орнына сәйкес келетінін растай алмады.

306 мұғалімге педагогикалық шеберлік деңгейі берілді: 35 – «мұғалім», 168 – «модератор-мұғалім», 97 – «сарапшы-мұғалім», 6 – «зерттеуші-мұғалім».

Алғаш рет 6 мұғалім педагогикалық шеберліктің жоғары «зерттеуші-мұғалім» деңгейіне ие болды.

Кесте. Педагогикалық шеберлік деңгейі бойынша мұғалімдердің жалпы саны

Жылы	Педагогикалық шеберлік деңгейі					
	тәлім алушы	мұғалім	модератор	сарапшы	зерттеуші	барлығы
2014 год	416	1 270	267	107	-	2 060
2015 год	453	1 657	383	178	6	2 677

4.7. МҰҒАЛІМДЕР ЖЕТІСТІКТЕРІ

2015 жылы **Зияткерлік мектептердің 39 мұғалімі** түрлі марапаттар мен атақтарға ие болды:

- «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі - 3 адам;
- «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі - 3 адам;
- Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы - 32 адам;
- «Үздік педагог - 2015» Республикалық конкурс лауреаты - 1 мұғалім.



Зияткерлік мектептердің қалыптасқан дәстүріне сәйкес **«Жыл мұғалімі – 2015» 3-ші кәсіби конкурсы** өткізілді, оған **18 педагог қатысты**. Конкурсқа қатысушылар пән бойынша шеберлік сабақтарын, әдістемелік жинақтарын, авторлық бағдарламалары мен басқа да өнерлерін көрсете білді.

Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаз атанған мұғалімдер:

Гран-при - Самат Шарипов, Ақтөбе қ. Зияткерлік мектебінің физика пәнін ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімі;

I орын - Лариса Овчинникова, Петропавл қ. Зияткерлік мектебінің физика мұғалімі;

II орын - Серик Муканов, Көкшетау қ. Зияткерлік мектебінің информатика пәнін ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімі;

III орын - Ералы Бижанов, Талдықорған қ. Зияткерлік мектебінің информатика мұғалімі.

Барлық қатысушылар конкурс лауреаттары атанды. Конкурс педагогтердің кәсіби шеберлігінің жоғары деңгейін, жауапты азаматтық ұстанымын және жинақтаған тәжірибесін таратуға дайындығын көрсетті.



5-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

5.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

КІРІКТІРІЛГЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 Зияткерлік мектеп Кіріктірілген білім беру бағдарламасы (Білім беру бағдарламасы) бойынша оқытуды жүргізіп келеді.

Есепті кезеңде стратегиялық серіктес Кембридж университетінің Халықаралық емтихандар кеңесімен (осыдан кейін – КХЕК) бірлесіп келесі бағыттардағы жұмысын әрі қарай жалғастырды:

- Білім беру бағдарламасын 1-3, 7-12 сыныптарда енгізу;
- Білім беру бағдарламасының енгізілуіне мониторинг жүргізу;
- Оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және қайта өңдеу.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНГІЗУ бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

Кесте. Білім беру бағдарламасын енгізу кестесі

Оқу жылы	сыныптар											
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
2012-2013												
2013-2014												
2014-2015												
2015-2016												

2014-2015 оқу жылында 2 және 9 сыныптарда, сонымен қатар 1 және 7 сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларының, пилоттық енгізуі жүзеге асырылды.

Бастауыш және негізгі мектептердің 16 оқу бағдарламаларының, 32 оқу жоспарларының (барлығы 48 құжат) апробациясы өткізілді.

2015-2016 оқу жылында 3 және 10 сыныптарда Білім беру бағдарламасының енгізілуі жалғастырылып жатыр, 8-12 сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні бойынша 60 құжат апробациядан өтіп жатыр (28 оқу бағдарламасы мен 32 оқу жоспары).

Білім беру бағдарламасын енгізу кезінде жыл сайын мұғалімдерді оқу бағдарламалары мен жоспарларын жүзеге асырудың тәсілдеріне оқыту өткізіледі. Зияткерлік мектептердің **1314 мұғаліміне арналып барлығы 68 пәнге оқыту тренингі өткізілді:**

- КХЕК кеңесшілерінің қатысуымен Зияткерлік мектептерден 700 мұғалім оқып шыққан **38 оқыту тренингі** өтті;
- 10 сынып мұғалімдері үшін барлық пәндер бойынша;
- 3 сынып мұғалімдері үшін барлық пәндер бойынша;
- 11-12 сынып мұғалімдері үшін «Ғаламдық көзқарастар және жоба жұмысы» пәні бойынша;
- 8-12 сынып мұғалімдері үшін «Дене шынықтыру» пәні бойынша.
- Барлық пәндер бойынша Зияткерлік мектептердің 7-9, 11-12 сыныптарының **614 мұғалімі** оқыған **30 оқыту тренингі** БББО мамандарының көмегімен өтті.

Қайта ашылған мектептердің мұғалімдері үшін (Қостанай, Петропавл, Ақтау, Алматы қ.) **50 көшпелі оқыту семинары** ұйымдастырылып, олардан **329 мұғалім** оқып шықты.

Пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарлары ерекшеліктерінің түсініктемелерін, сонымен қатар білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру бойынша бірнеше нұсқаулықтар енген нұсқаулық-әдістемелік хат жасалып, мектептерге жөнелтілді.

Мұғалімдерге қосымша оқу-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық қолдау көрсету үшін есепті жылда үш бағыт: оқу бағдарламалары мен жоспарларын енгізу, үш тілде

оқыту үлгісі мен тілдік ену бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша 22 әдістемелік құрал әзірленіп, таралымға шығарылды.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНГІЗУДІҢ МОНИТОРИНГІ

Білім беру бағдарламасын енгізудің ажырамас бөлігі олардың апробациясының мониторингін жүзеге асыру болып саналады.

Мониторингтің **негізгі** тапсырмасы болып оқу бағдарламалары мен жоспарларында орын алған мәселелерді айқындау, сонымен бірге, білім беру үдерісін жүзеге асыру кезінде мұғалімдер мен оқушылар көретін қиыншылықтар болып табылады. Мониторинг зерттеудің аралас әдістерін қолдану арқылы жүзеге асады.

Есепті кезеңде:

- 15 Зияткерлік мектептің 3, 7, 8-12 сыныптарының 522 сабағына қатысты;
- Онлайн-сауалнама ұйымдастырылып, нәтижесінде 1367 мұғалім мен 3472 оқушыдан жауап жиналды. Нәтижелер талданып, оқу бағдарламалары мен жоспарларын енгізу кезінде анықталған артықшылықтар мен мәселелер көрсетілген бастапқы есептер пән бойынша құрастырылды.
- 2014-2015 оқу жылы кезінде жинақталған мәліметтердің триангуляциясын өткізу мақсатында КХЕК халықаралық кеңесшілерінің қатысуымен Астана, Көкшетау, Қарағанды, Атырау, Шымкент ХББ және Шымкент ФМБ мектептеріне шолу сапарлары ұйымдастырылды. Қайтып келісімен, бір күндік үйлестіру семинары өткізіліп, соның барысында топтар сапар уақытында жиналған мәліметтерді талқылады. Одан басқа, КХЕК кеңесшілері БББО әр қызметкеріне мониторинг өткізудің дағдыларын жақсарту мақсатында кері байланыс ұсынды.
- Қайта ашылған мектептердің мұғалімдеріне қатысқан сабақтар бойынша кері байланыс ұсыну, сонымен бірге кіріктірілген оқу бағдарламалары бойынша оқыту мазмұны мен әдіснамасы туралы сұрақтарға жауап ретінде әдістемелік қолдау көрсетілді.

ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ЖОСПАРЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАУ

Енгізу мен апробация мониторингі нәтижелері оқу бағдарламалары мен жоспарларын қайта қарау үшін қолданылды.

Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын қайта қарау аясында Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мен КХЕК кеңесшілерінің қатысуымен 121 оқу бағдарламасы мен оқу жоспарын әзірлеу мен қайта өңдеу бойынша 23 семинар ұйымдастырылды.

Жұмыс нәтижесінде:

➤ КХЕК бірлесіп

- Бастауыш, негізгі және жоғары мектептер үшін 17 оқу бағдарламасы қайта қаралып өңделді;
- 3 және 10 сыныптар үшін 18 оқу жоспары қайта қаралып өңделді;
- 3-6 және 10 сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәні бойынша 5 оқу жоспары әзірленді.

➤ БББО өзі дербес түрде:

- Бастауыш, негізгі және жоғары мектептерге 9 оқу бағдарламалары әзірленді;
- Бастауыш, негізгі және жоғары мектептерге 9 оқу бағдарламасын әзірледі;
- 1-3, 7-12 сыныптар бойынша 45 оқу жоспарын әзірледі;
- «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Қазақ тілі» (Т1 – бірінші тіл ретінде), «Кіріктірілген қазақ тілі және әдебиеті» (Т2 – екінші тіл ретінде), «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі» (Я1 – бірінші тіл ретінде), «Кіріктірілген орыс тілі және әдебиеті» (Я2 – екінші тіл ретінде), «Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі тарихы», «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәндері бойынша 13 оқу бағдарламалары

және 7 сынып үшін осы пәндер бойынша 14 оқу жоспары айтарлықтай қайта өңделді.



ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Үш тілде білім беру Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың ажырамас бөлігі болып саналады және үш тілде білім беру саясатына, үш тілде білім беруді жүзеге асыру бойынша мектептерге арналған нұсқаулықтарға, командалық оқыту мен пәндік-тілдік кіріктірілген оқытуды (CLIL) қолдану нұсқаулығына сәйкес ұйымдастырылады.

Үш тілде білім беруді тиімді енгізуді қолдау үшін үш тілде білім беру саласында халықаралық кеңесшілермен бірлесіп, жыл сайын оқытудың әдістері мен технологиялары бойынша қызметкерлердің біліктілігін жоғарылату курстары өтеді.

Осылайша, Калифорния мемлекеттік университетінің профессоры А.Кроуфордтың бастамасымен есепті жылда келесілер ұйымдастырылды:

1) Ақтөбе мен Орал қалаларының (47 мұғалім), Қостанай (55 мұғалім), Ақтау (53 мұғалім), Петропавл (57 мұғалім) қалаларының жаңа мектептерінің 212 мұғаліміне арналған 4 семинар;

2) Мұғалімдермен жұмысты ұйымдастыру мен пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL) тәсілдемесін қолдану бойынша үш тілде білім берудің координаторларына (16 адам) арналған 2 семинар;

3) Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы қызметкерлеріне (21 адам) арналған семинар.

Лондон университетінің Білім беру институтының халықаралық кеңесшісі П.Мехистоның бастамасымен мектептерде жұмысты жоспарлау және халықаралық зерттеулердің үрдістерімен таныстыру бойынша үш тілде білім беру координаторлары (19 адам) оқытылды.

Осылайша, үш тілде білім беру мәселелері бойынша оқытылған Зияткерлік мектептер мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы қызметкерлерінің жалпы саны 252 адамды құрады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ негізінде ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕНУ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ 2015 жылы жалғастырылды.

Жоба аясында Талдықорған қаласының Зияткерлік мектебінің балабақшасы негізінде: кіші, орта және жоғары (60 бала) 3 топ, Талдықорған мен Көкшетау қалаларының бастауыш мектебі негізінде 1-3 сыныптар (әр түрлі ұлттан 118 оқушы – қазақтар, орыстар, шешендер, ингуштар, татарлар, украиндар, кәрістер, ұйғырлар, т.б.) оқытылады.

2014-2015 оқу жылының қорытындысы бойынша Көкшетау қаласындағы 2 ену сыныптарында білім сапасы 100 %-ды, ал Талдықорған қаласында 93 %-ды құрады.

Есепті кезеңде тіл дамытуға арналған постерлер (10 данадан құралған жинақ), тілге ену бағдарламасы бойынша мектепке дейін және бастауыш білім беруге арналған **әдістемелік құралдар мен хрестоматиялар** (11 атау) құрастырылды.

Оқу үдерісін қолдау үшін екі бөлімнен тұратын (I және II жарты жылға) 2 сыныпқа арналған жұмыс дәптерімен бірге **«Менің ортам»** атты **кіріктірілген оқулық** **өңделді.**

Әдістемелік қолдау мақсатында Астана, Көкшетау, Талдықорған қалаларының Зияткерлік мектептері және Ақмола мен Алматы облыстарының пилоттық мектептерінің 141 қатысушысына арналған ену бойынша **семинарлар ұйымдастырылды:**

- 17-18 наурыз (Талдықорған қ.) – **34 қатысушыға** арналған «Тілге енудің әдісі: инновация және тәжірибе» семинары.
- 16-20 қараша (Көкшетау қ.) – **50 қатысушыға** арналған Эстонияның INNOVE тілге ену орталығы кеңесшілерінің қатысуымен семинар-мониторинг.



- 7-11 желтоқсан (Талдықорған қ.) - **57 қатысушыға** арналған Эстонияның INNOVE тілге ену орталығы кеңесшілерінің қатысуымен семинар-мониторинг.
- Мониторинг қорытындысы бойынша Эстониядан келген әріптестер келесі қорытындыларды жасады:
- мұғалімдер тілге ену әдістерін тиімді қолданады;
- сабақтың қойылған мақсаттарына сәйкес белсенді, жұптық және жеке оқыту әдістерін пайдалану арқылы сабақтар нәтижелі ұйымдастырылады;
- 1 және 2 сынып оқушылары қазақ тіліндегі әңгімені түсінеді, қойылған мақсаттарға жету үшін белсенді қатысады, бірақ сөйлескен кезде кейбір сөйлемдерде орыс тіліндегі сөздерді қолданады;
- 3 сынып оқушылары қазақ тілінде сөйлеседі, жақсы оқиды және мәтін мазмұнын түсінеді, қазақ тілінде жазбаша және ауызша тапсырмаларды орындайды.

*Нәтижелердің аралық талдауы **жалпы жобаның сәтті шыққанын көрсетті**, себебі тілге ену сыныптарының оқушылары пәндер бойынша күтілетін нәтижелерге қол жеткізеді, өз жастарына сәйкес қазақ тілінде ауызша және жазбаша мәтіннің мағынасын түсіну дағдыларына ие.*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі білім беру қызметін Халықаралық Бакалавриат Бағдарламасы (ХБ) негізінде жүзеге асырады.

2014-2015 оқу жылында Диплом Бағдарламасы (DP) бойынша 12 сынып оқушыларын сыртқы бағалауға дайындық жұмысы жүргізілді.

Сонымен қатар, Зияткерлік мектептің педагогтарымен негізгі мектеп бағдарламасын (МҰР) авторизациялауға дайындық жүргізілді. Халықаралық Бакалавриат бағдарламасының принциптері мен философиясына сәйкес 8 пәндік топтардың, атап айтқанда Тіл және әдебиет, Ғылым, Математика, Адам және қоғам, Экономика, Дизайн, Өнер, Дене шынықтыру және денсаулық сақтау білімдері оқу бағдарламалары жетілдірілді.

Есеп беру кезеңінде 147 пән мұғалімі үшін 15 оқыту семинары өткізілді, 8 сыныптар үшін «Кіріктірілген ғылым курстары», және «Қоғамдық ғылымдар негіздері» пәндеріне арналған жаңа бағдарламалар әзірленді, негізгі және жоғары мектептің 82 оқу бағдарламасы жетілдірілді. МҰР бағдарламасы оқушылардың зерттеу, ойлау, коммуникация, өзін-өзі басқару, мәдениет аралық коммуникация дағдыларын дамытуға бағытталған.

Сондай-ақ, ІВ эксперттерінің негізгі мектеп бағдарламасын авторизациялауға қатысты іссапары ұйымдастырылды.

Бұдан бөлек, бастауыш мектептің (РҰР) авторизацияға дайындық жұмысы жүргізілуде.

Нәтижесінде, 2015 жылдың қараша айында Астана қаласынағы Назарбаев Зияткерлік мектебі МҰР негізгі мектептің авторизациясын алып, ДББҰ даму Стратегиясының көрсеткішіне қол жеткізді.

5.2. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Интеграцияланған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру ісіне жүргізілген мониторинг нәтижесі Зияткерлік мектептерде оқу үдерісін тиімді жүзеге асыру **үшін оқу-әдістемелік кешендері мен сандық оқу ресурстарын жасаудың қажеттілігін** көрсетті.



БАСТАУЫШ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МЕКТЕП ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ОӘК ӘЗІРЛЕУ

2015 жылы бастауыш мектепке арналған **ОӘК әзірлеу жұмысы** жүргізілді, атап айтқанда: 3 сыныпқа арналған «АКТ», «Өнер», «Музыка», «Ғылымға кіріспе» және «Дүниетану» пәндерінің ОӘК; 2 сыныпқа «Математика» пәніне арналған ОӘК даярланды. Авторлардың ОӘК компоненттері мазмұнын әзірлеу дағдыларын жетілдіру, сонымен қатар белсенді оқыту түрлерін практикада қолдану әдістерімен және қағидаларымен, саралап оқыту және білімді бағалау әдістерімен таныстыру мақсатында стратегиялық серіктес Кембридж университеті баспасы өкілдерінің қатысуымен 74 авторға арналған 2 оқу семинары өткізілді.

Негізгі мектепке арналған КБББ-ның ОӘК

7 сыныпқа арналған 9 пән, атап айтқанда: «Математика», «Өнер», «Информатика», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Дүние жүзі тарихы» және «Қазақстан тарихы» бойынша ОӘК әзірлеу жұмысы жалғастырылды.


ОӘК-ін әзірлеу жұмысы арқылы қазақстандық авторлардың әлеуетін арттыру мақсатында стратегиялық серіктес Лондон Білім беру институты (одан әрі - ЛББИ) өкілдерінің қатысуымен 92 автор мен редакторға арналған 4 оқу семинары өткізілді. 7 сыныпқа арналған ОӘК авторлары бағдарламаға енгізілген өзгерістер бойынша ОӘК толықтыру ісін толықтай аяқтады. ОӘК мазмұнының соңғы жобалық нұсқасы техникалық редакциялауға және дизайн жасауға тапсырылды.

ОӘК аудару және редакциялау

ОӘК-ін әзірлеу жұмысында оқу әдебиетін сапалы аудару және қолжазба материалын оқып шығу маңызды болып табылады.

Есептік кезең барысында **14 151** беттен тұратын мәтін қазақ тілінен орыс және ағылшын тілдеріне, орыс тілінен қазақ және ағылшын тілдеріне және ағылшын тілінен қазақ және орыс тілдеріне аударылды.

Аударылған материал бет саны бойынша салыстырмалы көрсеткіш



Аудармашылар ісін жеңілдетуде енгізілген жаңалық – аударма жасау жұмысын автоматтандыруға бағытталған **ABBY SmartCAT** жүйесінің енгізілуі. Аталмыш жүйе біртектес стандартты фразалар мен сөйлем құрылымын аударуда аудармашылар жұмысын едәуір жеңілдетті. Нәтижесінде аударма ісі жеделдетіліп, жұмыс өнімділігі артты.

Бұл база ДББҰ қызметкерлерінің барлығына қолжетімді.

Оқу материалдары стилін біріздендіру мақсатында 1-сыныпқа арналған 4 тілдік және 2-сыныпқа арналған 5 тілдік пән бойынша ОӘК-нің үш нұсқасына редакциялау жұмысы жүргізілді, негізгі мектептің КБББ 9 пәніне, 1 сыныпқа арналған бастауыш мектептің ҰББМС бойынша 5 пәніне редакциялау жұмысы жүргізілді.


*Қазақ және орыс тілдерінде барлығы **9 870** беттік авторлық оқу материалдарына редакциялау жұмысы жүргізілді. Бұл ДББҰ стратегиялық даму көрсеткішіне қол жеткізілгендігін көрсетеді.*

Редакторларға арналған нұсқаулық негізінде материал контентіне талдау жасалынды, материалдардың редакциялық өңдеуге арналған бақылау критерийлеріне сәйкестігі тексерілді, редакторлық түзетулер енгізілді.

Есептік кезеңде редакторларды үш жоба бойынша ОӘК-ін әзірлеу ісіне байланысты оқыту жұмысы ұйымдастырылды және 13 семинар өткізілді.



Редакциядан өткен материалдардың бет саны



ОӘК-нің сараптамадан өткізу

ОӘК-нің оқу бағдарламаларына сәйкестігін нақтылау

Зияткерлік мектептерге арналған ОӘК мазмұнының оқу бағдарламасына сәйкестік деңгейін анықтау мақсатында ҚХЕК қолдауымен Білім беру бағдарламалары орталығының (БББО) қызметкерлері ОӘК-не сараптама жасады.

Сараптама жасау процесі «Оқулықтарға сараптама жасауға арналған нұсқаулық» талабына сәйкес орындалды, әрбір пән бойынша ОӘК-нің үш компонентіне (оқулық, жұмыс дәптері және мұғалімге арналған нұсқаулық) сараптама жасалды.

Осы орайда қыркүйек айында даярланған оқулықтардың оқу бағдарламасына сәйкестігі жөнінде пікір жазу және сараптама жасау ісі бойынша БББО пәндерді үйлестіруші мамандарына арналған семинар жүргізілді.

Сонымен, төменде берілген ОӘК-не сараптама жасалды және олардың оқу бағдарламасына сәйкестігі расталды:

- 1-сынып: «Математика» пәні, 2-кітап;
- 1-сынып: «Қазақ тілі» (бірінші тіл ретінде), «Қазақ тілі» (екінші пән ретінде), «Орыс тілі» (бірінші тіл ретінде) және «Орыс тілі» (екінші тіл ретінде) тілдік пәндері;
- 2-сынып: «Ғылымға кіріспе», «АКТ», «Бейнелеу өнері», «Музыка» және «Дүниетану» пәндері.

1-сыныпқа арналған «Математика», «Жаратылыстану», «Дүниетану», «Өнер», «Қазақ тілі», «Ана тілі», «Орыс тілі», «Родное слово» пәндері бойынша жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде ҰББМС-на сәйкес жазылған ОӘК-і «Оқулық» республикалық орталығынан сараптамадан өтті.

Халықаралық сарапшылардың жәрдемімен мамандар әлеуетін арттыру БББО мамандарының алдағы жылдарда сараптама жасау ісін өз бетінше жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Оқу-әдістемелік кешендерді апробациялау

Есептік кезеңде Талдықорған, Көкшетау қалаларындағы НЗМ-де және Астана қаласындағы Халықаралық мектепте 1-сыныпқа арналған «Математика», «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану», «АКТ» және «Өнер» пәндері бойынша ОӘК-дің жобалық нұсқалары апробациядан өткізілді. 2015-2016 оқу жылының қыркүйегінен бастап 1 және 2-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» (бірінші тіл ретінде), «Қазақ тілі» (екінші тіл ретінде), «Орыс тілі» (бірінші тіл ретінде), «Орыс тілі» (екінші тіл ретінде) тілдік пәндері бойынша жобалық нұсқалардың апробациясы басталды.

7-сыныпқа арналған ОӘК мазмұнын жетілдіру мақсатында авторлар мен редакторлар жекелеген материалдарға апробация жасап тұрады.



Оқу-әдістемелік кешендердің сапасын анықтау ісін бақылау

ОӘК-нің сапасын анықтау ісімен қатар сабаққа қатысу, 1-сыныпта сабақ беретін мұғалімдері мен пән мұғалімдерінен сұхбат алу, пікірлер жинақтау және мұғалімдер арасында сауалнама жүргізу арқылы мониторинг жүргізілді.

ОӘК-нің сапасын анықтауға бағытталған мониторинг нәтижесін талдау бойынша білім беру ісіне қатысушылардың барлығы (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар) жалпы алғанда ОӘК-дерін жақсы деп бағалағаны байқалады. Берілген пікірлер мен ұсыныстар бойынша ОӘК-дері толықтырылуда.

Бастауыш мектеп пәндері бойынша 1-сыныпқа арналған ОӘК-нің сапасын анықтау ісіне қатысып жүрген мұғалімдерге әдістемелік көмек және кеңес беру үшін Алматы, Талдықорған және Астана (Ильинка) қалаларындағы жалпы білім беретін пилоттық мектептерге барып, тікелей қолдау көрсетілді.

ОӘК компоненттерін және оларды оқу үдерісінде қолдану бойынша жасалған ұсыныстарды бірлесе талдау мұғалімдердің ұсынылған оқулықтардың сапалық деңгейіне (оқытудың белсенді түрлерін қолдану, қызықты тапсырмалардың болуы, сабақ жүргізудің қадамдық түсіндірмесі) қанағаттанатындығын көрсетті.

ДББҰ тарапынан 1-сыныпқа арналып дайындалған оқулықтар 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап Зияткерлік мектептерінің оқу үдерісіне енгізілді.

Сандық білім беру ресурстарын (СББР) даярлау

Халықаралық тәжірибеден көріп отырғанымыздай, ОӘК-мен қатар Сандық білім беру ресурстары оқу үдерісінің тиімділігін арттыра түседі.

Есептік кезеңде Білім беру ресурсы орталығының мамандары бастауыш және негізгі мектеп пәндері бойынша 194 СББР әзірледі. «Қазақ тілі Т-1», «Қазақ тілі Т-2», «Орыс тілі Т-1», «Орыс тілі Т-2», «Ағылшын тілі», «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану», «Өнер», «АКТ», «Математика», «Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» пәндері бойынша СББР әзірленді.

1-сыныпқа арналған оқулықтардың презентациясы ұсынылатын «Білім әлемі» атты мультипликациялық фильм әзірленді. 1-сыныптың оқушылары мен олардың ата-аналары тартымды және түрлі түсті қалыпта ұсынылатын «Білім әлемімен» және білім алу жолында күтіп тұрған қызықтармен танысады.

Қосымшалар iOS, Android және Windows тәріздес заманауи танымал мобильді платформаларға арналып әзірленген.

Зияткерлік мектептердің негізгі мектебінде пайдалануға арналып аударылған және аударылмаған 200 СББР және физика, химия, экология және биология пәндері бойынша 10 интерактивті виртуалды зертхананы әзірлеу жұмысы басталды.

Кадрлар әлеуетін арттыру үшін сандық білім беру ресурсы концепциясын әзірлеу бойынша оқыту курсы өткізілді (Зияткерлік мектептердің 44 мұғалімі қатысты).

Курс нәтижесінде СББР әзірлеуге арналған 280 концепция (сценарий) даярланды.

Сонымен қатар бастауыш мектептің 1-сыныбының 5 пәніне арналған 10 ОӘК-нің электрондық нұсқасын әзірлеу жұмысы жүргізілді. Осы орайда «Математика», «АКТ», «Өнер», «Ғылымға кіріспе», «Дүниетану» пәндері қамтылды. 10 ОӘК электрондық нұсқасын сандық білім беру ресурсы NISPlay платформасына кіріктіру жұмысы жүргізілді.

iOS және Android платформаларына арналған интерактивті мобильдік қосымшалардың 30 бірлігі әзірленді.

Зияткерлік мектептері педагогтарының әлеуетін арттыру, электрондық оқулықтар мен

сандық білім беру мазмұнын кеңінен тарату, тақырып жағынан өзекті, безендірілуі жағынан тартымды сценарийлер әзірлеу үшін «Ең үздік сандық білім беру ресурсы» конкурсы өткізілді (барлығы 171 адам қатысты).

Әзірленген барлық ресурстар NISPlay платформасына орналастырылды

“ | <http://play.nis.edu.kz>.



АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Бірыңғай коммуникативтік торапты дамыту жұмысы

Барлық Зияткерлік мектептердегі АКТ құралдары бірыңғай торапқа жүктелген. Өз кезегінде бұл төмендегі функцияларды атқаруға мүмкіндік берді:

- барлық Орталықтар мен Зияткерлік мектептері арасында «ішкі нөмір» арқылы халықаралық желі байланысының тегін болуы;
- торап ішіне кіретін кез келген компьютерлерден ішкі файл алмасуға қолжетімділік;
- Зияткерлік мектептердегі барлық бейнебақылау камераларына қолжетімділік.

2015 жылы Зияткерлік мектептеріндегі барлық бейнебақылау жүйесі бірыңғай **cctv.nis.edu.kz** жүйесіне біріктірілді.

Бұл жүйе орталықтандырылған түрде кез келген Зияткерлік мектепте орналасқан бейнебақылау камерасын таңдап алуға және онлайн желісінде бейнежазбаны көруге, сонымен қатар сол камерадан Зияткерлік мектептің қала масштабында орналасқан жерін, оны қоршап тұрған нысандарды, жаяу жүргіншілерге арналған жолды, жолдар мен аялдамаларды т.с.с. көруге мүмкіндік береді.

Бұл жүйеде хабарландыру қызметі ескерілген. Қауіпті жағдай туындай қалса, Зияткерлік мектептің қауіпсіздігіне жауап беретін жауапты тұлғаларға хабарландыру жеткізіледі.

Жоғарыда аталған жұмыстар Зияткерлік мектептердің қауіпсіздік жүйесін едәуір нығайтуға мүмкіндік берді.

Педагогикалық кадрларды іріктеу ісін автоматтандыру

2015 жылы Зияткерлік мектептерде педагогикалық кадрларды іріктеу ісі электронды форматқа ауыстырылды.

Платформаға open-source LimeSurvey жүйесі таңдалып алынды. Аталған жүйе веб-қосымша болып табылады, сұрақ қою–жауап алу мөлшеріне және қатысушылар санына шектеу қойылмайды, зерттеу нәтижесінің негізгі статистикалық және графикалық талдауын қамтамасыз етеді.

Сұрақ-жауап бөлімі кейбір қатысушылар үшін қолжетімді, анонимді және дербес болуы мүмкін.

Жүйелі-әдістемелік кешен (ЖӘК)

Оқушылардың өткен күрделі тақырыптарды бекітуі және қайталауы үшін тәулігіне 24 сағат оқу материалдарына қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз етілген. Оқушылардың алған білімдерін онлайн-тест арқылы тексеруіне мүмкіндік беретін интерактивті материал жүктелген интернет-ресурсы әзірленген.

ЖӘК sk.nis.edu.kz порталына «Өз бетінше оқу» деп аталатын жаңа қызмет енгізілген.



Бұл Зияткерлік мектептердің 7-12 сынып оқушыларының 18 пән (ағылшын тілі, биология, дүние жүзі тарихы, өнер, математика, орыс тілі (бірінші тіл), орыс тілі (екінші тіл), әдебиет, өзін-өзі тану, физика, химия, информатика, география, қазақ тілі (бірінші тіл), қазақ тілі (екінші тіл), қазақ әдебиеті, Қазіргі әлемдегі Қазақстан, ғаламдық алғышарттар және жобалық жұмыстар, экономика) бойынша оқу материалдарын өз беттерінше оқуға мүмкіндік береді. Аталған пәндерді үш тілдің (қазақ, орыс, ағылшын) бірінде оқуға болады.


«Зияткерлік мектептері оқушыларының өз бетінше оқуына арналған материалдар» модулі порталында төмендегілер қамтылған:

➤ Зияткерлік мектептері оқушыларының өз бетінше оқуына арналған оқу материалдарының web-ресурс кешенін түрлі форматта әзірлеу:

- 1) Мәтіндік құжат MS Word (.doc)
- 2) Бейне (.jpeg)
- 3) Презентация (.ppt)
- 4) Аудиофайл (.mp3)
- 5) Кесте және көрсеткіштер MS Excel (.xls)
- 6) Блокнот құжаты (.txt)
- 7) Adobe құжаты (.pdf)
- 8) Мұрағатталған құжат (.rar, .zip)
- 9) Графикалық құжат (.png)

➤ Оқушылардың алған білімін өз беттерінше тексеруіне мүмкіндік беретін онлайн-тест ұйымдастыру.

Материалдардың авторлары мен редакторлары мұғалімдердің өздері болып табылады. Балалардың танымдық қызығушылығын арттыруды қолдап отыру үшін материалдар үнемі жаңартылып тұрады.



Модульде 6619 оқу материалы орналастырылған. 7598 оқушы модульді қолданушы болып табылады..

Аталған интернет-ресурсты әзірлеу оқушылардың жеке білім алу кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ


Кітапхана қорын қалыптастыру

Кітапхана қорын қалыптастыру «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі кітапханалардың жұмысын ұйымдастыру» Ережесі және «Зияткерлік мектептерде пайдалануға ұсынылатын оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, қосымша, көркем, ғылыми танымдық әдебиеттер тізіміне» сәйкес жүзеге асырылады.

Жаңа басылымдармен танысу мақсатында отандық, ресейлік, шетел баспаларымен (Pearson, Longman, MM Publication, Bloomsbury Publishing, Penguin – Ұлыбритания, Barron's, Kingfisher, DK, Scholastic – АҚШ, АСТ, ЭКСМО, Росмэн – Ресей тағы басқа баспалармен) әріптестік жұмыстар жүргізілуде.

2015 жылдың қараша айында жалпы мектеп кітапханаларының қоры **671 695** дананы құрайды. Кітап қоры оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, көркем, ғылыми танымдық әдебиеттердің қағаз және электронды нұсқаларынан тұрады.

Диаграмма. Зияткерлік мектеп кітапханаларының жалпы қоры



Кітапхана қорын оңтайландыру мақсатында Зияткерлік мектептер арасында бір-бірімен кітап алмасу қарастырылған.





Оқушылар мен мұғалімдер отандық «iMekter», «BilimLand», «Twig-bilim.kz» және шетелдік «EBSCOhost» электронды онлайн ресурстарын пайдаланады. Аталған ресурсты тиімді пайдалануда арнайы аталған компанияның өкілдерімен вебинар және семинарлар өткізілді.

Кітапхана процесін кешенді автоматтандыру және электронды каталог құруда Зияткерлік мектептер **КАБИС** кітапханалық бағдарламасымен жұмыс жасайды.

Қордың сақталуына арнайы барлық филиалдардың кітапханаларына электромагнитті қауіпсіздік жүйесі орнатылған.

Кітап оқу мәдениетін дамыту және функционалды сауаттылықты қалыптастыру



Зияткерлік мектеп кітапханалары «Кітапты іздеу», «BookBingo», «Әлемді кітап тербейді», «Менің ерекше айтқым келетін кітабым» және басқа да оқу мәдениетін дамытудың белсенді әдістерін пайдаланады.

«Бәрін тастап кітап оқы», «Readingtime», «123», «READx» атты акциялармен жобалар кітап оқуды насихаттауға бағытталған және функционалды сауаттылықты қалыптастырудың дәстүрлі және заманауи әдістерін біріктіреді.



Үш тілді меңгеруде өз елінің тарихын мәдениетін танып білу, зерделеу, өзге мәдениетті құрметтеу, толеранттылыққа тәрбиелеуде «Зияткерлік мектеп оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасы аясында қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі әдебиеттерді оқу арқылы жүзеге асуда.

Осы жоба аясында кітапханада театрландырылған қойылымдар, викторина, кітапханалық сабақтар өткізіліп, арнайы буктрейлер, тақырыптық шолулар жасалады.

Зерттеу дағдыларын дамыту және ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру

Мектеп кітапханасы оқушылардың ақпараттық сауаттылығын дамытуға маңызды көңіл бөледі.

Оқушының ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу дағдыларын дамытуда арнайы кітапханалық сабақтар өткізіледі.

Оқушының зерттеу дағдыларын дамытуда оқушы мен мұғалімдерге зерттеудің Guided Inquiry, Big6 моделдерін қолдану жөнінде тренингтер өткізіледі.



Кітапханада «Туған елге тағзым» зерттеу экспедициясының мүшелеріне жоба жұмысын жоспарлауға бағытталған арнайы сабақ өтеді.



Кітапханашы мамандар өз жұмыстарында оқушылардың бойында академиялық шыншылдықты қалыптастыруға ерекше мән береді. Кітапхана барлық білім беру процесіне қатысты адамдарға қажетті ақпаратты іздеу, іріктеуде қағаз және онлайн түрдегі нұсқасын табуға көмек көрсетеді.

Ата-аналармен әріптестік

Кітапханашылар өз жұмыстарына ата-аналарды тарту арқылы «Отбасылық оқу» «Кітапсүйер жан», «Favebook» сынды кездесулер ұйымдастырады.

Ата-аналарды кітапханаға тарту арқылы мектеп пен ата-аналардың қарым қатынасы нығайып, адамгершілік, отбасы құндылығы дами түседі.

Семинар өткізу және тәжірибе тарату жұмыстарын ұйымдастыру

Зияткерлік мектеп кітапханашыларының кәсіби біліктілігі мен дағдыларын жетілдіруде үлкен мән берілуде.



2015 жылы кітапхана қызметкерлері Оңтүстік Корея және Малайзияның кітапхана саласындағы халықаралық сарапшыларының қатысуымен «Ақпараттық сауаттылықты дамыту», Ақпараттық кеңістікте оқушылардың көшбасшылық дағдыларын дамытудағы мектеп кітапханасының рөлі» атты семинарға қатысты. Семинар барысында зерттеу, ақпараттық сауаттылықты дамытудың инновациялық әдістері меңгеріліп, нәтижесінде кітапханашылар алған білім, білік, дағдыларын өз жұмыстарына енгізді.

Сонымен бірге кітапхана қызметкерлері жыл сайын өтетін 44-ші IASL-2015 (Нидерланды) халықаралық конференциясына қатысты.

5.3. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Зияткерлік мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың бірыңғай кешенді жүйесі қалыптасқан.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Білім беру құндылықтары «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы құндылықтарына негізделген.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басты ерекшелігі құндылыққа бағдарланған оқыту, білім мен тәрбиенің біртұтастығы, білім беру процесіне барлық қатысушылардың қызығушылығы болып табылады.

Тәрбие жұмысы аясында **әлеуметтік жобалар мен тәжірибелер** Қазақ хандығының 550 жылдығы, Жеңістің 70 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Тәуелсіз



Қазақстан Конституциясының 20 жылдығы – 2015 жылдың мерейтойлық даталарына арналды.

«Қоғамға қызмет ету» бағдарламасы Зияткерлік мектептердегі оқушылардың жүйелі еріктілер тәжірибесін қамтиды.

Мектептер «fundraising» (фандрайзинг) қайырымдылық акцияларын ұйымдастырады. Әлеуметтік жағдайы аз қамсыздандырылған отбасыларға қолдау таныту мақсатында жәрмеңкелер, акциялар ұйымдастырылып, БҚС ауруына шалдыққан 9 балаға көмек көрсетілді (тренажерлер берілді). Өзен-көлдер жағалары, саябақтар тазаланып, ағаштар отырғызылды т.б.

«Қазақстанды дамытуға арналған ізгілікті 3 іс» жобасы аясында 180 қайырымдылық шаралары жүзеге асырылды.

«Ата-ана жұмысымен танысу» бір күндік әлеуметтік тәжірибесі барысында 7-8 сыныптың 3 380 оқушысы ата-аналары еңбек ететін 500 кәсіпорында кәсіби бағдар жұмысымен танысты.

Зияткерлік мектептердің оқушылары «2 апта ауылда» әлеуметтік тәжірибесін ең үздік тәжірибе деп бағалауда. Есеп беру кезеңінде аталған әлеуметтік тәжірибеге 2 694 оқушы қатысты. Ұлттық құндылықтар, бір отбасындағы ұрпақтардың бір-біріне құрметі – аталған әлеуметтік тәжірибеге қатысушыларды адамдарға қамқорлық танытып, ата-бабаларын құрмет тұтуға үйретеді.

9-11 сынып оқушыларына арналған **«Ата-ана жұмысындағы 10 күн»** кәсіби бағдар тәжірибесі ұйымдастырылады. Аталған шараға Зияткерлік мектептің 2 857 оқушысы қатысты.

Осы әлеуметтік тәжірибелермен қоса 2015 жылы **«EXPO-2017 жас достары»** жаңа жобасы жүзеге асырылды. Осы жоба барысында Зияткерлік мектеп оқушылары EXPO идеясын насихаттаушы ретінде шалғай ауылдардағы елді-мекендерге барып, ауыл оқушыларына EXPO-2017 халықаралық көрмесі туралы, «Болашақ энергиясы», «Баламалы энергия көздері» тақырыптарын түсіндірді.

ДББҰ-ның «Самұрық Қазына» АҚ компанияларымен әріптестігі аясында оқушылардың **кәсіби бағдар** жұмыстары жүзеге асырылуда.

758 оқушы «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ, «Орал «Зенит» зауыты» АҚ, «Тау-Кен Алтын» ЖШС технологиялық процесстерімен танысып, «Мұнаймаш» АҚ, «KEGOC» АҚ жетекші инженер-техникалық мамандарымен кездесті. Сонымен қатар, «Қазақстан Инжиниринг» ҰҚ» АҚ зертханасы негізінде тәжірибеге бағдарланған білім алды.

Оқушылардың кәсіби бағдар жұмыстары жаз уақытында **«Туған елге тағзым»** өлкетанулық-зерттеу экспедициясымен жалғасын тапты.

Экспедиция кезінде оқушылар 152 тарихи, географиялық, өнеркәсіптік, мәдени нысандармен танысып, тақырыптық зерттеулер жүргізіп, yvision.kz, facebook.com, vkontakte.ru әлеуметтік желілер блогтарында мақалалар жазып, 15 нысанда далалық зерттеу жұмыстарын жүргізді. «Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу экспедициясына Зияткерлік мектептердің 306 оқушысы мен 51 мұғалімі қатысты.

Зияткерлік мектептерде оқушылардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық дағдыларын дамытуға, әріптестікті қалыптастырып, түрлі көзқарастар мен пікірлерді құрметтеуге бағытталған **«TEDx NIS»** 20 клубы жұмыс жасайды. «TEDx NIS» оқушылар клубының белсенді 450 оқушысы 700-ге тарта үш тілдегі баяндамаларды www.youtube.com сайтына жүктеді.

«WIKIPEDIA» клубы оқушылардың ақпаратты іздеп, аударып, үш тілде мақала жазып, оны академиялық шыншылдық принциптеріне сай өңдеу дағдыларын дамытуға



бағытталған. «**Wikipedia**» онлайн энциклопедиясына Зияткерлік мектептердің оқушылары тарапынан есеп беру кезеңінде 18 581 мақала жазылды. Атап айтқанда, 18 206 мақала - қазақ тілінде, 300 мақала – орыс тілінде, 75 мақала – ағылшын тілінде жазылды. Сонымен қатар, Зияткерлік мектептің 3 оқушысы Wikipedia энциклопедиясы тағайындаған «АЛТЫН ҚАЛАМ» марапатының иегері атанды.

Зияткерлік мектептердегі оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы **мектеп парламенті** және «**Шаңырақ**» **оқушылар қауымдастығы** негізінде жүзеге асырылады. Мектеп парламенті жұмысына 3 875 оқушы қатысады, сонымен қатар **280 «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы** жұмыс жасайды.

Оқушыларды жан-жақты дамыту, мақала жазу және шешендік өнер дағдыларын арттыру, мектептегі бағдарламаларды түсіру, білім беру тақырыбын терең насихаттау мақсатында Қазмедиа орталығы негізінде оқушылардың «Қалам қуаты» **II Медия-форумы** ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар «Хабар», «Қазақстан», «Хабар 24» телеарналарының жаңалықтар түсірілімі процесімен, «Астана», «Қазақ радиосы» радиостудияларының жұмысымен танысып, сонымен қатар белгілі тележурналистермен кездесті, Астана радиосының «Кеш жарық» бағдарламасына қатысты.

Зияткерлік мектеп оқушыларының бойында шығармашылық қабілеттерді дамыту және құндылықтық бағдар қалыптастыру мақсатында 17 Зияткерлік мектептен 380 оқушы қатысқан **II желілік арт-Фестиваль** ұйымдастырылды. Фестивальдің басты тақырыбы – «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары. Оқушылар Қазақстанның 550 жылдық тарихын драмалық қойылым, көлеңкелі театр арқылы суреттесе, арт-фото, қолөнер, ұлттық және қазіргі заман өнері арқылы ұлттық шығармашылықты насихаттады.

Зияткерлік мектептерде жүзеге асырылатын әлеуметтік жобалар мен тәжірибелер оқушылардың бойында қазақстандық патриотизм, заңдарды орындау және құрметтеу, әлеуметтік жауапкершілік, өз елі мен халқының болашағына мақтаныш сезімін қалыптастырады.

ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАР ЖӘНЕ ЖАЗҒЫ МЕКТЕПТЕР

Пәндік білімдерін тереңдету, алған білімдерін өмірде қолдануға үйрету, сонымен қатар зерттеу және тілдік дағдыларын дамыту мақсатында Зияткерлік мектептерде мектептен тыс элективті курстар және жаздық мектептер жұмысы жүзеге асырылады.

Элективті курстар

Элективті курстар мектепте, еліміздің және шетелдің ірі білім мен ғылым орталықтарында ұйымдастырылады.

Әр мектеп элективті курстардың тізімін және бағдарламасын өздігінен дайындауға құқығы бар.

Есеп беру кезеңінде 7-12 сыныптар үшін 376 түрлі атаумен элективті курстар өткізілді. Элективті курстар Курчатов қ. «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы», Шымкент қ. «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтік академиясы», Қарағанды қ. «Химфарм» АҚ базаларында ұйымдастырылды, атап айтар басты жайт оқушылар аталған элективті курстар барысында физика және қатты заттар физикасы, радиоэкологиялық зерттеу, еліміздегі фармацевтикалық өндірісті дамыту, дәрілік шөптерді пайдалану туралы қазақстандық ғалымдардың зерттеулерін зерделеуге мүмкіндік алды.

Шет мемлекеттерде ұйымдастырылатын элективті курстардың ерекшелігі – профильді пәндерден оқушылардың білімін тереңдету, зерттеу және тілдік дағдыларын дамытуға, функционалды сауаттылығын қалыптастыруға бағытталады.

Шетелдік элективті курстар тізімі

Мектептен тыс элективті курстар атауы	Қатысушылар саны
«Ойлау дизайны» элективті курсы – Кремний аңғары, АҚШ	36
«Креативті жазу, сын тұрғысынан ойлау» элективті курсы – Стэнфорд Университеті, АҚШ	40
Жаратылыстану-математика пәндерінен элективті курс – Джонс Хопкинс Университеті Талантты жастар орталығы, АҚШ	19
«Ғылым, Технология, Инжиниринг және Математика» курсы West Nottingham Academy, АҚШ	20
Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерден элективті курс – South Kent мектебі, АҚШ	20
«Мектептегі оқушы дауысы, көшбасшылық және оқушылардың өзін-өзі басқаруы» элективті курсы – Blue Ridge School, АҚШ	20
«Ғылымдағы PHYWE шеберлігі» элективті курсы, Phywe systeme GmbH & Co.KG базасында, Германия	15
«Ғылым және Технология» элективті курсы – «Discovery science» Креативті жастар орталығы, Сингапур	51
Физика, химия, биологияны тереңдетіп оқытатын Жазғы лагерь – University of Malaya, Малайзия	51
«Ғылымға кіріспе» элективті курсы – University of Nottingham, Малайзия	40
Жаратылыстану-математика циклын тереңдетіп оқытатын Жазғы лагерь – PERMATApintar, Малайзия	51

Экологияны қорғау, альтернативті энергия көздерін зерделеу, медиа өндіріс, сандық технология әлемі бағыттарына қатысты курстар нәтижесінде Зияткерлік мектептердің оқушылары мини-курстар бағдарламасын әзірледі.

Оқушылар зертханада практикалық жұмыс жүргізуден орасан зор тәжірибе жинақтаумен қатар, жобаларының прототиптерін яғни дайын өнімдер әзірлеуді үйренді.

Ұйымдастырылған элективті курстардың тақырыптары оқушылардың ғылыми жобаларына негіз болды.

Жаздық мектептер

Жыл сайын Зияткерлік мектептер базасында 1-11 сынып оқушылары үшін Жаздық мектептер ұйымдастырылады. Жаздық мектептердің негізгі бағдарламалары:

- 1) ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту және STEM;
- 2) жоба жұмысы және креативті ойлауды дамыту;
- 3) көшбасшылық қасиетті қалыптастыру;
- 4) оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, әлеуметтік аз қамсыздандырылған отбасыларға қолдау көрсету мақсатында жалпы орта білім беру мектептерінен аталған әлеуметтік категорияға кіретін 7-8 сынып оқушыларына арналған «Жазғы мектеп» жобасы екінші жыл қатарынан жүзеге асырылып келеді.

Есеп беру кезеңінде жазғы мектепке Зияткерлік мектептерден 8 601 оқушы және жалпы білім беретін мектептерден 1 240 оқушы қатысты.

Жазғы мектепте келесі курстар оқытылды:

- «Қызықты математика»;
- «Физика, химиядан зертхана жұмыстарын жүргізу»;
- «Топырақтың экожүйесі»;



- «Қызықты химиялық тәжірибелер»;
- «Физика, химия және биологиядан SAT емтиханына дайындық курсы»;
- «Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамыту курсы»;
- «Writing for IELTS»;
- «Сыни оқу және жазу»;
- «Робототехника»;
- «3D модельдеу».

Жазғы мектептер жұмысы негізінде оқушылар академиялық білімін, коммуникативті және креативті ойлау дағдыларын тереңдетті.

Мектептердің серіктестігі

Оқушыларға мәдениет аралық коммуникация, жаһандық ойлау және толеранттылық дағдыларын қалыптастыру мақсатында Зияткерлік мектептерде оқушылардың оқу-тәжірибе алмасу бағдарламасы жүзеге асырыла бастады.

Бағдарлама аясында Астана қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебінің оқушылары 2015 жылдың қазан айында екі аптаға Малайзия PERMATApintar дарынды оқушылар орталығында оқу-тәжірибе алмасса, ал 2016 жылдың қаңтар айында PERMATApintar дарынды оқушылар орталығының 12 сынып оқушылары Астана қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебінде оқу-тәжірибе алмасуды жалғастырды.

2015 жылдың желтоқсан айында О. Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта мектеп-интернаты және Алматы қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі оқушыларының оқу-тәжірибе алмасу бағдарламасы жүзеге асырылды.

Аталған бағдарлама оқушыларға әлеуметтік бейімделу, коммуникативті дағдыларды дамыту, ой-өрісті кеңейту, тәжірибелер мен идеялармен алмасуға мүмкіндік береді.

5.4. ДББҰ-НЫҢ ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

ДББҰ Даму стратегиясына сәйкес ғылыми зерттеулерді жүргізудің негізгі мақсаты – бұл ДББҰ-ның миссиясын жүзеге асыратын тәжірибелерді анықтау мен жетілдіру болып табылады.

2015 жылы ДББҰ-ның Даму стратегиясын жүзеге асырылуы аясында Зерттеу департаментінің (әрі қарай ЗД) негізі құрылды. «Түлектің кейінгі оқуы мен келешектегі кәсіби өсуіндегі Зияткерлік мектептең рөлі» атты алғышқы зерттеу жұмысы «Білім беру: зерттеу және тұрақты даму» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясында баяндалды. Зерттеуге қатысқан Зияткерлік мектептердің алғашқы түлектері, олардың ата-аналары мен мұғалімдері оқушылардың арасындағы үлкен бәсекелестік пен білім берудегі мұғалім рөлінің маңыздылығы және мектептерде жүзеге асырылған білім беру бағдарламалардың маңыздылығын атап өтті.

Жоғарыда аталған зерттеу тақырыбы болашақта жыл сайын бітіретін түлектер бойынша (2016 ж. – 2011 ж. түлегі, 2017 ж. – 2012 ж. түлегі, 2018 ж. – 2013 ж. Түлегі және т.с.с.) зерттеу жоспарлануда. Осы жасалған зерттеулердің негізінде енгізіліп жатқан бастамалардың түлектердің табыстылықтарына әсері мен динамикасын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеуге арналған келесі негізгі басым тақырыптар анықталды:

1. Үштілді оқыту саясаты;
2. Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі;
3. Педагог мамандарды аттестациялау;

4. Іс әреттегі зерттеу мен сабақты зерттеу;
5. Зияткерлік мектеп түлектері.

Мұғалімдердің өткізген зерттеулері

Зияткерлік мектептерде Іс әрекеттегі зерттеу (Action Research жобасы) бойынша – 600-дан астам адам және Сабақты зерттеу (Lesson Study жобасы) бойынша – 250 астам адам зерттеу жүргізуде. Мұғалімдердің зерттеумен айналысуы олардың сабақ беру тәжірибесінің шыңдалуына айтарлықтай әсерін тигізуде.

Мұғалімдердің өз зерттеу жобаларына таңдаған тақырыптары өзекті және Зияткерлік мектептерінің міндеттеріне сәйкес келеді.

Сыртқы және ішкі ынтымақтастықты дамыту

Зерттеу жұмысын жүйелі түрде іске асыру мақсатында білім беру саласындағы зерттеу бойынша отандық және шетелдік эксперттерден құралған Ғылыми – консультациялық кеңесі құрылды.

ДББҰ-да зерттеу жүргізуге рұқсат алу рәсімі, әдеп кодексі және зерттеу жүргізу тұжырымдамасы Ғылыми – консультациялық кеңесімен қабылданып талқыланды.

ЗД ДББҰ-ның құрылымдық бөлімдерімен және сыртқы серіктестері: Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі, Қазақстанның білім беру саласындағы зерттеушілерінің қауымдастығы, Кембридж Университетінің Білім беру факультетімен бірігіп жұмыс атқаруда.

Ақпараттық қамтамасыз ету

Жүргізіліп жатқан зерттеулерді тиімді ақпараттандыру үшін және зерттеу нәтижелері мен баспаға шыққан әр түрлі мақалалар туралы ақпарат алмасатын онлайн алаңы ретінде <http://research.nis.edu.kz> веб-сайты жасақталды.

Жүргізіліп жатқан жобалар мен зерттеулерді талқылау үшін және мұғалімдердің жүргізіп жатқан зерттеулеріне қатысты платформаға жүктелген материалдарға пікір қалдыру үшін педагогикалық білім базасы атты <http://sk.nis.edu.kz/> электрондық платформасы негізінде ДББҰ зерттеушілері қауымдастығының форумы құрылған.





6-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ



Зияткерлік мектептерде білім беру сапасын бағалау үшін төмендегідей бағалау рәсімдері қолданылады:

- оқушылардың оқу жетістіктерінің бастапқы және ағымдағы мониторингі;
- критериалды бағалау;
- түлектердің сыртқы жиынтық бағалауы.

6.1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ

Оқушыларды оқыту барысында қолдауды және білім беру үдерісін ұйымдастыруды түзетуді қамтамасыз ету үшін келесі оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингтері өткізілді:

- жаңадан ашылған мектептердегі бастапқы мониторинг;
- пәндер мен сыныптарға қатысты ағымдағы мониторинг.

Әр мониторингтің нәтижесі бойынша оқушыларға және ата-аналарға, әкімшілік пен мұғалімдерге келесілер жіберілді:

- дамудың жеке траекториясын қалыптастыру мақсатында оқу бағдарламасының бөлімдері мен тақырыптарына қатысты әр оқушының жетістік деңгейлері туралы ақпарат берілген жеке есептер;
- оқытуды ұйымдастырудың үдерісін жетілдіру мақсатында мектеп пен сыныптарға қатысты оқу бағдарламасының бөлімдері мен тақырыптарын меңгеру деңгейлерін көрсететін сынып бойынша есептер;
- мектеп бойынша тұтас алғанда оқушылардың негізгі даму үрдісін көрсететін және басқа мектептердің нәтижелерімен салыстыратын ДББҰ әкімшілігі мен мектептер үшін аналитикалық есептер. Аталған есептердің нәтижелері негізінде мектеп әкімшілігі басқарушылық шешім қабылдайды.

1. ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ БАСТАПҚЫ МОНИТОРИНГІ

2015 жылы бастапқы мониторинг Қостанай, Алматы (ХББ), Ақтау және Петропавл қалаларының Зияткерлік мектептерінің 7, 8, 9 және 11-сыныптарында өткізілді. Аталған мониторинг Кіріктірілген білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелерімен оқушылардың сабаққа дайындық деңгейінің сәйкестігін анықтау және оқушылардың біліміндегі олқылықтарды білу және жеке қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

Кесте. Пәндер мен сыныптарға қатысты бастапқы мониторингтің құрылымы


Пән	Зияткерлік мектептер							
	Қостанай қаласы				Алматы (ХББ), Ақтау, Петропавл қалалары			
	7-с	8-с	9-с	11-с	7-с	8-с	9-с	11-с
Қазақ тілі (бірінші тіл)	✓	✓	✓	✓	✓			
Қазақ тілі (екінші тіл)	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Орыс тілі (бірінші тіл)	✓	✓	✓	✓	✓			
Орыс тілі (екінші тіл)	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Ағылшын тілі	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Химия			✓	✓			✓	✓
Физика			✓	✓			✓	✓
Математика	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
Биология						✓	✓	✓
Өткізу уақыты	қаңтар, 2015 ж.				қыркүйек, 2015 ж.			

Бастапқы мониторингті өткізу үшін 1 590 тапсырма құрастырылды. Мониторинг материалдарының 15 000-нан астам данасы дайындалып (брошюралар, жауап парақтары, өткізу бойынша нұсқаулықтар), олар мектептерге жіберілді.

Пәндерге қатысты нәтижелер жалпы білім беретін мектептерден келіп түскен және **жаңадан ашылған мектептердегі оқушылардың барлық пәндерден білімдеріне қатысты кемшіліктері бар екенін көрсетті.**

Диаграммада Петропавл қаласындағы Зияткерлік мектебі оқушыларының бастапқы мониторинг қорытындысы берілген, осы сияқты нәтижелерді Қостанай, Алматы (ХББ), Ақтау қалаларындағы мектептер де көрсетті.

Диаграмма. Петропавл қаласындағы Зияткерлік мектеп оқушыларының пәндерге қатысты бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша білім сапасы, %



Мониторинг нәтижелерін талдау әр мектеп оқушыларының дайындық деңгейінде жалпы ілгерілеудің бар екенін көрсетті:

- оқушылар қазіргі ҚР МЖМБС-нда қарастырылған репродуктивті тапсырмаларды жақсы орындайды, алайда Зияткерлік мектептердегі білім беру бағдарламаларында қарастырылған білімді қолдану мен кіріктіру, жинақтау, тыңдалым, айтылым, талдау дағдыларына байланысты тапсырмаларды орындау кезінде елеулі қиындықтарға кездеседі.

Зияткерлік мектептерге түскенге дейін оқушылардың табельдерінде өте жақсы және жақсы деген бағалар болған, бұл еліміздегі жалпы білім беретін мектептерден конкурстық іріктеуге қатысуға өтініш білдірген үздік оқушылардың түскенін көрсетеді.






Математика бойынша 7-сынып оқушыларының оқу жетістіктерін мониторингілеу кезінде

Анықталған олқылықтарды жоюға қатысты ұсыныстар білдіру үшін 8 149 жеке есептер, соның ішінде 2 465 – 7-сыныптар үшін, 2 055 – 8-сыныптар үшін, 1 721 – 9-сыныптар үшін, 1 908 – 11-сыныптар үшін дайындалды.

Мониторинг нәтижесі негізінде 2015-16 оқу жылының бірінші жартыжылдығы соңында білім сапасы көрсеткішін елеулі түрде арттыруға мүмкіндік беретін, оқушыларды педагогикалық тұрғыдан қолдау мақсатында жеке сабақтар, кеңестер ұйымдастырылды, оқушылармен және олардың ата-аналарымен ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Диаграмма. Петропавл қаласындағы Зияткерлік мектеп оқушыларының 2015-2016 оқу жылындағы екінші тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы, %



2. ОҚУШЫЛАР ЖЕТІСТІГІНІҢ АҒЫМДАҒЫ МОНИТОРИНГІ

«Математика» пәні бойынша мониторинг

2015 жылы «Математика» пәні бойынша тапсырмаларды апробациялық тестілеу мен оқушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеу Cito B.V. Педагогикалық өлшеулер институты (Нидерланды) (бұдан әрі - Cito) стратегиялық серіктесімен бірлесе ұйымдастырылып, өткізілді:

- 16 Зияткерлік мектептердің 7, 8, 11 және 12-сыныптары үшін қаңтар айында;
- 19 Зияткерлік мектептердің 7, 8, 9 және 12-сыныптары үшін қыркүйек айында.




Мониторингтің негізгі мақсаты оқушылардың динамикалық ілгерілеуін бағалау мен оқу жетістіктерін қадағалау болып табылады. Бұл мектептерге әр оқушы білімінің жеке траекториясын түзетуге және оқу мақсатына жетуге педагогикалық қолдау көрсетуге қатысты ұсыныстар беруге мүмкіндік туғызады.

Математика бойынша мониторинг оқу бағдарламасының «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдық теориясы» мен «Математикалық модельдеу және анализ» сияқты бес бөлімін қамтиды. Әр мониторингтегі бөлімдер саны оқу бағдарламасының мазмұнына қарай анықталады. Мониторинг жүйесі әр баланың жылдарға қатысты салыстырмалы нәтижесін және оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі бойынша жіктелуді белгілеуге мүмкіндік береді. Деңгейлер үшін бағалау стандарттарын халықаралық сарапшылардың жетекшілік етуімен Зияткерлік мектептердің мұғалімдері құрастырды:

- **бастапқы** – оқушы математикалық терминдердің анықтамасын біледі, негізгі математикалық формулаларды меңгерген және қарапайым есептерді шығарады;
- **базалық** – заңдылықтарды анықтайды және білімді, дағдыларды қарапайым жағдайларда қолданады;
- **жақсы** – алгоритмдерді қолдануды біледі, күрделі есептерді шығаруда өз шешімін бағалай алады;
- **жоғары** – мәліметтерді талдайды, стандартты емес есептерді шығарады және шығару тәсілдерінің тиімділігі туралы қорытынды жасайды.

Оқушылардың нәтижелерін талдау білім алу барысында үш жыл бойы ілгерілеудің бар екенін көрсетті.

Диаграмма. Оқушыларды математикадан оқу бағдарламасын игеру деңгейіне қарай жылдық динамика бойынша үйлестіру



Талдау 7-сыныпты оқу барысында оқу бағдарламасының жоғары және жақсы деңгейлерін меңгерген оқушылар үлесінің өскенін көрсетеді. Мұны жоғары деңгейдегі оқушылардың үлесі 2013 жылдың қыркүйегіндегі 13%-дан 2014 жылдың сәуірінде 22,5%-ға өскенінен көруге болады. 9-сыныптың оқу басында оқушылардың бұл категориясы шамамен 2 есеге артып, 44%-ды құрады.

Жоғары деңгейдегі оқушылардың арту үлесі геометрия, математикалық модельдеу және анализ бойынша тапсырмаларды орындау кезіндегі жақсы нәтижелер есебіне



қатысты белгіленген. Оқушылардың практикалық тапсырмалар контексінде шеңбердің диаметрі мен радиусын, берілген жағдай бойынша нүктелер координаттарын жақсы таба білетінін, үшбұрыштар элементтерінің метрикалық қатынасын анықтай алатынын, күрделі есептерді шығару кезінде шеңбердің ұзындығы мен дөңгелек ауданының формуласын қолдана алатынын атап өтуге болады. Математикалық модельдеу және анализ бойынша оқушылар функциялардың графиктерін зерттеу, функциялардың жиынтық мәнін және анықтау жолын табу дағдыларын жақсы меңгерген.

2015 жылдың қаңтар айындағы алғашқы мониторинг бойынша 8-сынып оқушыларының нәтижелерінің басым көпшілігі бастапқы деңгейде болуы – мектептің жаңадан ашылғандығына, еліміздің жалпы білім беретін мектептерінен түскен 862 оқушының қатысуына байланысты. Бұдан басқа негізгі мектепте меңгеру кезінде қиындық тудыратын «Статистика және ықтималдық теориясы» жаңа бөлім 8-сыныпта тереңдетіліп оқытыла басталады. 9-сыныпта бастапқы деңгейдегі оқушылардың үлесі елеулі түрде азайды және жоғары деңгейдегі оқушылардың үлесі артты.

2015 жылы мониторинг қорытындысы бойынша 15 892 жеке есептер дайындалды және мектептерге жіберілді: 7-сынып оқушылары үшін – 3 911, 8-сынып оқушылары үшін – 4 495, 9-сынып оқушылары үшін – 2 566, 11-сынып оқушылары үшін – 1 943, 12-сынып оқушылары үшін – 2 977.

Ұсынылған нәтижелер бойынша мектептердегі оқушыларға оқу бағдарламасының нақты бөлімдері мен тақырыптарына қатысты оқудағы анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған жеке сабақтар ұйымдастырылды.

Жыл бойы мониторинг жүйесін жетілдіру және тапсырмалар базасын толықтыру үшін Cito сарапшыларының қатысуымен тест тапсырмаларын сараптау және құрастыру технологиясы бойынша 4 семинар өткізілді.

Тест тапсырмаларының сапасын анықтау және оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингтеу үдерісін жетілдіру мақсатында 19 Зияткерлік мектептерде 8, 9, 12-сыныптарға арналған жаңа тест тапсырмаларының апробациясы өтті.

Сұрақтар банкін жаңартуға қатысты қосымша 308 тапсырма жасалып, олардың сараптамасы өткізілді.

Білім берудегі оқушылардың жеке дамуы мен нәтижелеріне байланысты құрастырылған мониторинг жүйесі Халықаралық білім беруді бағалау қауымдастығы (IAEA) (АҚШ) мен Еуропалық білім беруді бағалау жөніндегі қауымдастығы (AЕАЕ) (Ұлыбритания) өткізген конференцияларда ұсынылды. Оқушылардың, мұғалімдер мен әдістемелік бірлестіктер мониторингтер қорытындысы бойынша алатын есептер мен тест тапсырмаларына статистикалық өңдеу жасаудың жолдары мен ерекшеліктері қатысушылардың ерекше қызығушылығын туғызды.

«Қазақ тілі (екінші тіл)», «Орыс тілі (екінші тіл)» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша мониторинг

2015 жылдың сәуір айында 16 Зияткерлік мектептерде 7-сынып оқушыларының тілдік пәндер бойынша оқу жетістіктеріне қатысты алғашқы рет мониторинг өткізілді. Оған 1 774 оқушы қатысты және 8-сыныпқа арналған тест тапсырмаларының апробациясы өткізілді.

Мониторинг сөйлеу әрекетінің 4 түрін тексеруге бағытталған: «Оқылым», «Тыңдалым», «Жазылым» және «Айтылым». Тапсырмалар шет тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігінің дәрежесіне сәйкес жасалды (CEFR - Common European Framework of Reference). Халықаралық сарапшылардың жетекшілігімен Зияткерлік мектептердің мұғалімдері белгілеген төрт деңгей бойынша оқушылардың білім жетістіктерінің дифференциациясы қарастырылды:

- **Бастапқы** – оқушы сөйлеу кезінде күнделікті тақырыптар бойынша таныс сөздер мен сөз тіркестерін түсініп, қолдана алады, сөздік қоры шектеулі.
- **Базалық** – оқушы таныс тақырыптардағы қысқа мәтіндердің жалпы идеясын,




тұрмыстық тақырыптардағы ақпараттарды түсінеді, егер әңгімелесуші ақырын және анық сөйлесе әңгімеге араласады, қысқа мәтіндер құрай алады (хат, хабарландыру, өтініш және т.б.), дегенмен сөздік қоры шектеулі, өз ойын жеткізуде біршама қиналады, грамматикалық және пунктуациялық қателер жібереді.

- **Жақсы** – сөйлем құрылысы күрделі әр түрлі тақырыптардағы мәтіндердің жалпы мазмұнын түсінеді, мәтіннің құрылымын, мақсатын, негізгі ойын, мақсатты аудиторияны анықтай біледі, ақырын, әрі анық айтылған ақпараттың мазмұнын түсінеді, әңгімелесушінің пікірін анықтайды.
- **Ілгері** – мәтіннің негізгі идеясын анықтайды, әр түрлі тақырыптағы күрделі мәтіндердің мазмұнын, мақсатын түсінеді, мәтіннің құрылымы мен мақсатты аудиториясын анықтайды, астарлы мағынаны айқындап, деталін көрсетеді. Тыңдалған мәтіннің идеясын ажырата біледі, жылдам айтылған сөзді түсінеді, автордың пікірін анықтай алады, астарлы мағынаны айқындайды, күрделі синтаксистік құрылымдарды, диалектизмді және дыбыстаудың ерекшеліктерін түсінеді. Жеке, қоғамдық және оқу мүдделеріне байланысты тыңдалған сөздің идеясын БАҚ материалдары негізінде анықтай алады, сөз сөйлеудің стильдері мен түрлерін айқындайды.

Нәтижелер талдауы: 7-сынып оқушыларының басым бөлігі тілдерді меңгеруде базалық және жақсы деңгейлерді, балалардың келесі бөлігі ілгері деңгейді көрсетті.


«Қазақ тілі (екінші тіл)» пәні бойынша жақсы және ілгері деңгейді меңгерген қабілетті оқушылардың бөлігі: оқылым – шамамен 40%, тыңдалым және айтылым – 50 %-дан астам, жазылым - 60%-ды құрады.

Диаграмма. 7-сынып оқушыларының қазақ тілі екінші тіл бойынша сөйлеу әрекетінің оқу жетістіктерінің деңгейі, %



Оқушылардың сөздік қоры жеткілікті, жазба жұмысының логикалық байланысын қолдану арқылы әр түрлі өмірлік жағдайларды суреттеу қабілетін көрсете алады, тыңдалған мәтіннің негізгі идеясын түсіну және құру, үзіндідегі негізгі ойды жалғастыру және түрлі сөздік қорды қолдану арқылы сұраққа жауап беру қабілетін көрсете білді.


Диаграмма. 7-сынып оқушыларының орыс тілі екінші тіл бойынша сөйлеу әрекетінің оқу жетістіктерінің деңгейі, %



«Орыс тілі (екінші тіл)» пәні бойынша жақсы және ілгері деңгейді меңгерген қабілетті оқушылар бөлігі: оқылым – шамамен 60%, тыңдалым – 80%-дан астам, айтылым – 60 %-дан астам, жазылым – 50%-дан астам көрсеткішті құрады.

Оқушылар маңызды детальдарды айқындай алады, тыңдалған материал негізінде нәтиже шығарады және дереккөздерден стиль мен түрлерін айқындай алады. Мәтіннің астарлы идеясын, материалдың түрлі типтегі ақпараттың логикалық реттілігін анықтайды, автордың көзқарасына баға бере алады.

Диаграмма. 7-сынып оқушыларының ағылшын тілі екінші тіл бойынша сөйлеу әрекетінің оқу жетістіктерінің деңгейі, %



«Ағылшын тілі» пәні бойынша жақсы және ілгері деңгейді меңгерген қабілетті оқушылар бөлігі: оқылым – 50%, тыңдалым – шамамен 40%-дан астам, айтылым – шамамен 50 %, жазылым – 60%-дан астам көрсеткішті құрады.

Оқушылар жазба жұмысында байланыстырылған сөйлемдер құрай алады, өз пікірін мазмұндайды, күнделікті тәжірибеге сәйкес жағдайларды сипаттайды. Ауызша сөйлеуде оқиғаларды, сезімді және ойды сипаттау үшін жеткілікті сөздік қорды пайдаланатынын көрсетті. Оқылым бойынша негізгі идеяны, автордың позициясын түсінеді, мәтін элементтерінің арасындағы логикалық байланысты көрсете алады.



Мониторинг қорытындысы бойынша мектептерге 18 903 оқушылардың жеке есептері дайындалды және жіберілді. Онда мұғалімдер мен әдістемелік бірлестіктерге арналған оқу бағдарламасының тақырыптары мен бөлімдері, сонымен қатар оқушыларға қиындық тудыратын дағдылар атап көрсетілген. Берілген материалдарды оқушылардың тілдік дағдыларын арттыру мақсатында мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері сабақтарды бірігіп жоспарлау үшін қолданылды.

Бағалауға қатысты педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру жұмыстары жалғасуда. Есеп беру кезеңінде 10 Зияткерлік мектептерінің 22 мұғаліміне тапсырмаларды құрастыру, сараптау, бағалау стандартын бекіту және апробация нәтижелерін сараптау бойынша 3 оқыту семинары ұйымдастырылды.

6.2. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Есептік жылда 16 Зияткерлік мектепте оқушылардың білім жетістіктерін бағалау үшін критериалды бағалау жүйесі қолданылды.

Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында КХЕК-пен бірге стандарттау, балдарды қою және модерация бойынша тәжірбиелік ұсыныстар берілген «Қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау бойынша нұсқаулық» жасалды.

Апробация нәтижесі бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларындағы өзгерістерге байланысты 1-2, 7-12-сыныптары пәндерінен қалыптастырушы бағалау бойынша мұғалімге арналған 204 әдістемелік ұсыныс және ішкі жиынтық бағалау бойынша 167 тест спецификациялар қайта қарастырылды.

3 және 10 сыныптарда КБББ-нің енгізу байланысты мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету үшін қалыптастырушы бағалау бойынша 40 әдістемелік ұсыныс, ішкі жиынтық бағалау бойынша 36 тест спецификация дайындалды.

Бағалауда стандарттық тәсілді қамтамасыз ету және тапсырмаларды дайындау мен онлайн сараптаманы ұйымдастыру үшін Мұғалімдердің кәсіби қауымдастығымен «Жүйелі әдістемелік кешен» (<http://sk.nis.edu.kz/>) модулінде ішкі жиынтық бағалау материалдарының базасы енгізілді.

Қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалау бойынша тапсырмалардың үлгілері бар жинақтар үш тілде, пәндер және сыныптар бойынша дайындалып, басылып шығарылды және ДББҰ сайтында жарияланды.

2015 жылдың ақпан айында критериалды бағалаудың қолданылуы мен жетілдіруін шолу мақсатында Зияткерлік мектептерде онлайн режимде әлеуметтік сауалнама өткізілді. Сауалнамаға Зияткерлік мектептердің 15 директоры мен орынбасарлары, 779 мұғалім, 7-12-сыныптардың 4 947 оқушылары және 2 486 ата-аналары қатысты. Сауалнамаға қатысушылардың пікірі бойынша критериалды бағалау жүйесі оқу мақсаттарының жетуінің нәтижесін әділ түрде бағалауын, ілгерілеу, білім, білік және дағдылары бойынша кемшіліктерін анықтауға көмектеседі. Сауалнаманың нәтижесіне сәйкес мұғалімдер критерийлерге, әсіресе, жоғары ойлау қабілеттерін бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыруда қиындық көреді.

Жыл бойында қалыптастырушы және ішкі жиынтық бағалауды қолдану дағдыларын дамыту мақсатында 1 100-ден аса Зияткерлік мектептердің мұғалімдері, соның ішінде, Лондон университеті Білім институтының құрметті профессоры Гордон Стобарттың (Ұлыбритания) қатысумен оқытылды. Оқыту кезінде профессор 3 мектептің мұғалімдерінің сабақтарын бақылап, қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру бойынша конструктивті ұсыныстар жасады.



Критериалдық бағалау бойынша семинарда профессор Гордон Стобарттың сөз сөйлеуі

Есептік жылда оқушылардың білім нәтижесін бағалайтын Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделіне ДББҰ-ның авторлық құқығы тіркелді.

Зияткерлік мектептердегі енгізіліп жатқан критериалдық бағалау Халықаралық және Еуропалық ассоциациялардың Сингапур, Эстонияда өткізген конференцияларында көрсетіліп, тыңдармандар арасында қызығушылық тудырды.

6.3. 11 ЖӘНЕ 12-СЫНЫПТАРДАҒЫ СЫРТҚЫ ЖИЫН- ТЫҚ БАҒАЛАУ

Есеп беру жылында сыртқы жиынтық бағалау (ЖБ) Кембридж университеті халықаралық емтихан кеңесінің (КХЕК) қатысуымен өтті. Оған:

- 14 мектептің (Астана (ФМБ), Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Ақтөбе, Қарағанды, Шымкент (ФМБ, ХББ), Орал, Атырау, Қызылорда, Павлодар, Тараз қалалары) 11-сыныптарынан 1 526 оқушы;
- 10 мектептің (Астана (ФМБ), Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Ақтөбе, Қарағанды, Шымкент (ФМБ, ХББ), Орал қалалары) 12-сыныптарынан 1 122 оқушы қатысты.

Кесте. Емтихан тапсыратын пәндердің тізімі

11-сынып	12-сынып	
Пәндер	Міндетті пәндер	Таңдау бойынша пәндер
Бірінші тіл (қазақ, орыс)	Математика	Физика
	Қазіргі әлемдегі Қазақстан	Химия
		Биология
Екінші тіл (қазақ, орыс)	Ағылшын тілі (IELTS)	Информатика
		География
	Әр оқушы 5 немесе 6 пән бойынша емтихан тапсырды	

12-сынып түлектері емтиханды оқыту тіліне қарай бейінді пәндерден үш тілде тапсырды:

- 431 оқушы – қазақ тілінде;
- 258 оқушы – орыс тілінде;
- 433 оқушы – ағылшын тілінде.

Әр пән бойынша емтихан 2-3 компоненттен тұрды және бірнеше күнде өткізілді.

Емтихан материалдары кең ауқымды дағдыларды тексеруге бағытталған: білімді шығармашылық тұрғыдан қолдану, сыни ойлау, зерттеушілік және эксперименттік әрекеттер дағдысы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, тілдік дағдыларға қатысты (жазылым, оқылым) коммуникативтік қатынасты қолдану, функционалдық сауаттылық.

Әр түрлі типтегі тапсырмалар қолданылды: жауап үлгілері бар және қысқа немесе толық жауапты қажет ететін сұрақтар, эссе, курстық жұмыстар, эксперименттік және практикалық тапсырмалар.

Сыртқы жиынтық бағалау емтихандары барлық мектептерде халықаралық сарапшылардың бақылауымен КХЕК талаптарына сәйкес және академиялық адалдықты сақтау қағидасымен өткізілді.



Сыртқы жиынтық бағалау емтиханы кезінде



Барлық оқушылар КХЕК сертификатын алды. Емтиханда өте жоғары баға алған 37 оқушыға тікелей Назарбаев университетінің бірінші курсына оқуға түсу құқығы берілді.

Емтихан нәтижесі «Бірінші тіл», «Екінші тіл» пәндерінен оқушылардың мәтін түрлерін жақсы түсінетінін, мәтіннің мақсатын және көзделген аудиториясын анықтай алатынын, ойын еркін жеткізетінін, сонымен қатар эссені әдеби тіл нормаларына сай жаза алатынын көрсетті.

«Математика» пәні бойынша оқушылар нәтижесі математикадан мәліметтерді, түсініктер мен тәсілдерді таңдай алатынын және қолдана білетінін, жиынтық сандар әрекетін орындауға қатысты есептерді шығаруда сәйкес келетін әдістерді дұрыс таңдап қолдана алатынын көрсетті.

«Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәні бойынша оқушылар өз ойын жеткізу үшін түрлі дәйектер мен дәлелдерді келтіру және түрлі сандық, сапалық көрсеткіштерді, статистикалық мәліметтерді қолдана білу дағдыларын көрсетті.

«География» пәнінен оқушылар пәнді жақсы меңгергенін және алған білімдерін күнделікті өмірдегі жағдайларда қолдана білетінін көрсетті. Оқушылар өздерінің дәйектемелерін сенімді түрде дәлелдей алады, көрнекі мысалдар келтіреді, әр түрлі пәндерге қатысты білімдерін кіріктіре отырып, ақпараттарды талдайды және синтез жасай алады.

«Химия», «Физика», «Биология» пәндері бойынша оқушылар жабдықтар мен өлшеу құралдарын дұрыс пайдалана алатынын, тиісті тәжірибелерді орындайтынын, жаңа жағдайда білімдерін қолдана алатынын, болжау және болжам жасау дағдылары мен қабілеттерін, ақпаратты талдап бағалай білетінін көрсетті.

«Информатика» пәнінен оқушылар бағдарламалауға қатысты дағдыларын, есептеу процестерін сипаттайтын терминдерді және мәліметтерді өңдеуді, әр түрлі түрде қабылдап алуды, сәйкес түсінігін қолдануды көрсете білді. Дегенмен оқушыларға міндетті түрде жүйелі ойлаудың реттілігін және дәлелдеу барысын білуге назар аудару қажет.

Жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша оқушылардың дайындығын түзету мен мектептегі мұғалімдердің әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыруда пәндерге қатысты әр тапсырманың орындау тіліне талдама есеп дайындалған.

Сыртқы жиынтық бағалаудың және Зияткерлік мектептер түлектерінің нәтижелерін ұйымдастырудың жолдары 2015 жылы (АҚШ) Лоуренс қаласындағы «Бағалаудағы ең маңызды үш сұрақ: анықтық, анықтық, анықтық (валидтілік)» Халықаралық білім беруді бағалау қауымдастығы (IAEA) өткізген конференцияда ұсынылды.

АСТАНА қаласының НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНДЕГІ ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ)

2015 жылы Астана қаласының Зияткерлік мектебінде алғаш рет 12-сынып түлектеріне Халықаралық Бакалавриат ұйымы құрастырған сыртқы бағалау өткізілді. Оған 41 түлек қатысты.

Халықаралық Бакалавриат (ХБ) стандарттарына сәйкес әр оқушы алты пәнді таңдайды оның ішінде тереңдетілген деңгейде оқытылатын пәндерден үш пән және стандартты оқытылатын пәндерден үш пән. Пәндерді таңдау университеттегі мамандығына байланысты болып келеді.

ХБ дипломын алу үшін оқушылар таңдаған 6 пәннен және «Көлемді эссе» (ЕЕ), «Таным теориясы» (ТОК), «Шығармашылық, қоғамға қызмет және әрекет» (CAS) сияқты үш міндетті компонент бойынша тәуелсіз емтихандарды тапсырды.

ХБ диплом бағдарламасы бойынша емтихандар қорытындысы салыстырмалы жоғары нәтижедегі мәліметтерді, пәндік емтихандарға қатысты әлемдік көрсеткіштермен сәйкестендірілген жоғары нәтижелерді көрсетті.

Зияткерлік мектептің 41 оқушысының 37-сі немесе 90,2%-ы Халықаралық бакалавриат дипломына ие болды, бұл кезде, 2014 жылы әлем бойынша ағылшын тілі ана тілі болып саналатын үміткерлердің 79%-ы ғана Халықаралық дипломның иегерлері атанған.



6.4. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ АККРЕДИТАЦИЯСЫ

Халықаралық аккредитация – дүниежүзіне танылған мектептің дамуын жақсарту үшін білім сапасын әділ сыртқы бағалау тәсілі.

2014 жылы Зияткерлік мектептер 109 мемлекетте қолданатын халықаралық танылған стандарттар бойынша Council of International Schools-тың (Нидерланды) халықаралық аккредитациясына дайындығын бастады. Стандарттар келесі 7 стандартқа сәйкес білім сапасын бағалауға бағытталған:

1. Миссия және пайымдау – мектептің нақты миссиясы, пайымдауы және білім мақсаттары бар, халықаралық қатынастар және интернационализмді дамытады.

2. Оқыту және оқу – мектептің оқу бағдарламасы мектептің миссиясын және пайымдауын, оқушылардың әлеуметтік, табиғи және эмоциялық қажеттіліктерін қамтиды; оқу бағдарламасының жүзеге асыруда және оқушылардың жетістіктерін бағалауда тиімді демеу көрсетеді.

3. Басқару және көсбасшылық – мектептің қаржыландыруын қолдану, оқу үрдісін ұйымдастыру және шешім қабылдаудағы дербестігі.

4. Қызметкерлер – дәрежесі сәйкес келетін қызметкерлер саны; мектептің саясаты және еңбек шартына сәйкес жұмысқа орналастыру.

5. Білімнің қолжетімділігі – мектеп оқушыларының білім мұқтаждықтарын анықтау; дағдылары мен қабілеттері әр түрлі оқушыларға көмек көрсету; кәсіптік бағдар беру бойынша тиімді жұмыс.

6. Мектеп мәдениеті – жұмыс атмосферасы сыйластық пен сенімге негізделген; мектеп және ата-аналардың тиімді ынтымақтастығы; оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

7. Ресурстық қамсыздандыру – халықаралық тәжірибе мен жергілікті заңға сәйкес қаржымен қамтамасыздандыру; материалдық-техникалық қор тиімді оқуға мүмкіндік береді.

Халықаралық аккредитация бірнеше кезеңнен тұрады:

- Валидациялық сапар (Membership Visit) және Council of International Schools-тың мүшелігін алу;
- Дайындық сапар (Preliminary Visit) және «Аккредитацияға үміткер» мәртебесін алу;
- Мектептің өз-өзін бағалауы;
- Топтық сапар (Team Visit) және халықаралық аккредитация бойынша шешім алу.

Валидациялық сапар

2015 жылы Астана (ФМ, ХБ), Көкшетау, Өскемен, Семей, Талдықорған, Орал ққ. Зияткерлік мектептер мүшелікті алу үшін валидациялық сапарлардан өтіп, халықаралық аккредитацияны өту үшін өтінімдер жіберді.



Council of International Schools-тың мүшелігіне кіру мектептерге халықаралық аккредитацияны өтуге, халықаралық онлайн порталда мектептің аккаунтын құруға, оқушыларды жобалар жұмыстары бойынша International Student Award халықаралық сыйлықақысын алуға құқығын береді.

Дайындық сапар

Астана (2), Көкшетау, Талдықорған, Өскемен, Семей ққ. Council of International Schools-тың сарапшыларының қатысуымен дайындық сапарлары өткізілді. Дайындық сапарлар нәтижесінде Зияткерлік мектептер «Аккредитацияға үміткер» мәртебесін алды. Бұл Зияткерлік мектептерге ең маңызды және 12-15 ай созылатын өз-өзін бағалау үрдісін өткізуге құқығын береді.

3 жылдан аз істейтін Шымкент (2), Қызылорда, Тараз, Павлодар, Қарағанды, Атырау, Ақтөбе ққ. Зияткерлік мектептер Council of International Schools-тың валидациялық сапарларын өткізіп, осы мекеменің мүшелігін алды.



Council of International Schools-тың валидациялық сапары кезінде

Халықаралық аккредитация аясында барлық сапарлар Швейцария, АҚШ, Италия, Германия, Ресей сияқты әр түрлі елдерден жоғары дәрежелі Council of International Schools-тың сарапшылармен және түрлі халықаралық мектептердің директорлары (Leysin International Schools, Швейцария; Bilkent Laboratory and International School, Түркия; Lower School Principal, International School of Stuttgart, Германия) кіретін сыртқы сарапшылар тобымен өткізіледі.

Сапарлар кезінде сарапшылар оқушылармен, мұғалімдермен, қызметкерлермен сұхбат өткізді, сабақтарға қатысты, мектеп оқушылары мен қызметкерлердің қауіпсіздігін тексерді.

Халықаралық аккредитация үрдісі бойынша Зияткерлік мектептерге көмек көрсету үшін 2015 жылы Council of International Schools халықаралық сарапшыларының қатысумен семинар өткізілді. Семинардың басты мақсаты – өз-өзін бағалау үрдісін, есеп беру жүйесін және мектептің Council of International Schools халықаралық стандартарына сәйкестігі жөніндегі дәлелдерді жинауды түсіндіру.





**7-БӨЛІМ.
ОҚУШЫЛАРДЫҢ
БІЛІМ
ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ
НӘТИЖЕЛЕРІ**

7.1. ОҚУ ҮЛГЕРІМІ МЕН САПАСЫ

2014-2015 оқу жылының соңында 17 Зияткерлік мектептерде 11 725 оқушы білім алды. Үлгерім 100%, білім сапасы – 92,4%-ды құрады. Зияткерлік мектептегі білім сапасының ең жоғарғы көрсеткішін Орал қаласының мектебі (96,7%) көрсетті.

Оқуды аяқтаған оқушылар саны³:

- «өте жақсы» - 2 180 (18,8%);
- «жақсы» - 8 558 (73,6%);
- «қанағаттанарлық» - 883 (7,6%).

Оқу жылын келесі бағалармен аяқтаған оқушылардың ең көп саны:

- «өте жақсы» - Орал (30,2%), Көкшетау (29,1%), Семей (28,7%), Астана ФМБ (28,0%) қалаларындағы мектептерде;
- «жақсы» - Шымкент ХББ (86,1%), Қызылорда (82,4), Тараз (82,1%) және Ақтөбе (82,0%) қалаларындағы мектептерде.

2014-2015 оқу жылында түлектердің 67-сі үздік аттестатқа үміткер болды, оның ішінде 64-і өз білімдерін дәлелдейді. Зияткерлік мектептерді бітірген оқушылардың жалпы санынан үздік аттестатқа иегерлер 3,8%-ды құрады. Ең жоғары көрсеткіш Көкшетау қаласының ФМБ мектебінде (13,7%) болды.

75 оқушы үздік аттестат пен «Алтын белгіге» үміткер болды, олардың 74-і (98,7%) өз білімін растады. Бұл республика бойынша көрсеткіштен жоғары (52%).

«Алтын белгіге» иегерлер Зияткерлік мектептерді аяқтаған оқушылардың 4,4%-ын құрады. Ең жоғарғы нәтижені Өскемен (10,4%), Атырау (9,1%) және Талдықорған (8,2%) қалаларындағы Зияткерлік мектептер көрсетті.

Кесте. 2014-15 оқу жылының қорытындысы бойынша «Алтын белгі» мен жалпы үздік орта білім жөнінде аттестат алған түлектердің саны мен бөлігі

№	Мектеп	Адам саны			Үлесі, %	
		Барлығы	Үздік аттестат иегерлері	«Алтын белгі» иегерлері	Үздік аттестат иегерлері	«Алтын белгі» иегерлері
1	Астана қ. ФМБ	91	11	5	12,1	5,5
2	Астана қ.	42	0	0	0	0,0
3	Көкшетау қ.	95	13	7	13,7	7,4
4	Семей қ.	83	5	0	6,0	0,0
5	Талдықорған қ.	97	3	8	3,1	8,2
6	Өскемен қ.	67	3	7	4,5	10,4
7	Орал қ.	133	9	7	6,8	5,3
8	Қарағанды қ.	166	9	6	5,4	3,6
9	Ақтөбе қ.	135	3	0	2,2	0,0
10	Шымкент қ. ФМБ	127	1	2	0,8	1,6
11	Шымкент қ. ХББ	129	1	0	0,8	0,0
12	Атырау қ.	176	4	16	2,3	9,1
13	Павлодар қ.	160	1	9	0,6	5,6
14	Қызылорда қ.	101	1	7	1,0	6,9
15	Тараз қ.	97	0	0	0,0	0,0
Барлығы:		1 699	64	74	3,77	4,36

³ Оқушыларды үлестіруде 2 Зияткерлік мектептерінің 1-сынып оқушылары (қазақ тілі ортасына ену сыныбы) есепке алынбаған.

7.2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАР, ҒЫЛЫМИ КОНКУРСТАР, КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСҚАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕ-ТІСТІКТЕРІ



2015 жылы Назарбаев Зияткерлік мектебінен 2 329-дан астам оқушы 40-тан жоғары республикалық және халықаралық олимпиадаларға, ғылыми жобалар конкурстарына қатысты. 1321 оқушы жүлделі орындар иеленді.

Кесте. Ғылыми жобалар және республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпаздар саны

№	Зияткерлік мектептер атауы	Республикалық олимпиадалар	Халықаралық олимпиадалар	Республикалық ғылыми жобалар конкурсы	Халықаралық ғылыми жобалар конкурсы	Сайыстар	Қашықтық интернет олимпиадасы	Жалпы саны
1	Астана қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі	6				6		12
2	Астана қаласындағы Зияткерлік мектебі	5	7	2	7	5		26
3	Ақтөбе қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі		1	22	5	2		30
4	Алматы қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі	9	32	11	2	33		87
5	Атырау қаласы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебі	1				7	17	25
6	Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебі	2		3		1	5	11
7	Көкшетау қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі	2		6		210	6	224
8	Қызылорда қаласы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебі	1		1	2		545	549
9	Павлодар қаласы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебі	6	9			44	6	65
10	Семей қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі	5	3	2	4	4	2	20
11	Талдықорған қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі	8	4	1		1		14
12	Тараз қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі			5		2	3	10
13	Орал қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі	18				35		53
14	Өскемен қаласы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебі	3	51	5		112	9	180
15	Шымкент қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектебі	2		1			6	9
16	Шымкент қаласы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебі	1		5				6
Жалпы саны		69	107	64	20	462	599	1 321



Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары Халықаралық Жәутіков атындағы олимпиадасы, «Туймаада» Халықаралық олимпиадасы, Халықаралық Балкан юниорлық олимпиадасы, «Жібекжолы» Халықаралық олимпиадасы, Бизнес-Ақула, Ғылым негіздері XI Халықаралық олимпиадасы (орыс тілі), «Орыс тілі шет тілі ретінде» Халықаралық олимпиадасы, «Золотое руно» Халықаралық конкурсы, Ғылым негіздері XI халықаралық олимпиадасы, Информатика пәніне арналған «Инфознайка» Халықаралық конкурсы, «Баршаға арналған математика» Халықаралық конкурсы, компьютер ғылымының тұжырымдамалық негіздерінен «The hour of code» халықаралық байқауына т.б. қатысты. Республикалық пәндік олимпиадалардан 69 оқушы жүлделі орын иеленді (жалпы білім беретін пәндердің республикалық олимпиадасы, Президенттік олимпиада, Интеллектуалды олимпиадалар).

Атап айтқанда:

- 8 оқушы - математикадан (Талдықорған, Алматы ФМБ, Ақтөбе, Астана ХБ);
- 8 оқушы - физикадан (Семей, Орал, Талдықорған, Алматы ФМБ, Астана ФМБ, Астана ХБ);
- 9 оқушы - химиядан (Павлодар, Өскемен, Қарағанды, Алматы ФМБ, Астана ФМБ);
- 5 оқушы - биологиядан (Астана ФМБ, Алматы ФМБ);
- 1 оқушы - экологиядан (Алматы ФМБ);
- 4 оқушы - информатикадан (Талдықорған, Семей);
- 5 оқушы - географиядан (Қарағанды, Талдықорған, Орал);
- 9 оқушы – Қазақстан тарихынан (Кокшетау, Шымкент (ФМБ және ХББ), Қызылорда, Өскемен);
- 2 оқушы – ағылшын тілінен (Астана ФМБ, Алматы ФМБ, Орал);
- 1 оқушы – француз тілінен (Астана ФМБ);
- 1 оқушы – орыс тілінен (Атырау);
- 2 оқушы – қазақ тілінен (Қарағанды, Астана ФМБ);
- 14 оқушы - робототехникадан (Астана ХБ, Қостанай, Ақтөбе, Орал, Көкшетау, Талдықорған, Атырау, Петропавл).

Сонымен қатар, Кіші Ғылым академиясы, Халықаралық Ө.Жолдасбеков атындағы математика мен механикадан оқушылар арасындағы зерттеу жұмыстары конкурсы, «Ғылым әлемін зерделейміз» халықаралық конкурсы, «Математика және жобалау» атты ғылыми жобалардың халықаралық конкурсы секілді халықаралық ғылыми жарыстар мен конкурстарға қатысты.

Биология, физика, техника, информатика, электроника пәндерінен Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурсында Алматы, Павлодар, Өскемен қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары алғашқы жүлделі орындарға ие болды.

Оқушылар Қазақстан және Ресейдің жалпы білім беретін пәндерінен қашықтық интернет олимпиадасына (топтық) белсенді қатысты.

Дербес білім беру ұйымы Ұлттық робототехника олимпиадасының Қазақстандағы ұлттық ұйымдастырушысы ретінде дүниежүзілік робототехника WRO⁴ олимпиадасының ережесіне сәйкес екінші рет Республикалық робототехника олимпиадасын ұйымдастырды. Аталған шараға республиканың 9 өңірінен 158 оқушы қатысты, жалпы 91 команда, оның ішінде 52 команда еліміздің жалпы білім беретін мектептерінен, ал 39 команда Зияткерлік мектептерден қатысты.

Олимпиада төрт санатта өткізілді: WRO ашық санаты, WRO негізгі санаты, WRO GEN II Football футбол санаты.

Байқау барысында оқушылар елуден астам механикалық құрылғыларды таныстырды. Олар күрделі тапсырмаларды шешу, спорттық ойындарды ойнау, пайдалы қазбаларды, радиактивті заттар мен қымбат металдарды табу, су астындағы әлемді зерттеуге және

⁴ <http://www.wrobot.org>

т.б. көптеген шараларды орындауға қабілетті екендіктерін танытты⁵.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша Зияткерлік мектептерден 1-ші орынды - 6 оқушы; 2-ші орынды - 3 оқушы; 3 орынды - 5 оқушы жеңіп алды.

- Санаттар негізінде бірінші орынды Назарбаев Зияткерлік мектептерінің келесі оқушылары иеленді:
- Орал қаласы – Алманова Динара, Асанғалиева Айдана, Бекетов Әділет, Абай, Ербол;
- Қостанай қаласы – Умирбекова Нурия;
- Петропавл қаласы – Тоқтаров Казыбек, Қаби Айбек;
- Ақтөбе қаласы – Жараспай Мәжит, Мұханов Нұржігіт.

Олимпиада жеңімпаздарына (Талдықорған қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің 2 оқушысына, Орал қаласы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің 2 оқушысына) Ақпараттық технологиялар Халықаралық университеті мен Қазақ-Британ техникалық университетінің білім гранттары табыс етілді.

Олимпиада жеңімпаздары - Қазақстан құрамасы командасы WRO-2015 Халықаралық олимпиадасына (Катар мемлекеті) қатысты.



ДББҰ-ның Даму стратегиясының күтілетін нәтижелеріне сәйкес, Зияткерлік мектептердің оқушылары тарапынан халықаралық конкурстар мен жаратылыстану-математикалық, гуманитарлық бағыттағы пәндерден олимпиадаларда жоғары нәтижелерге қол жеткізілді және жоспарланған сандық көрсеткіш артығымен орындалды.

⁵ <http://www.analitika.kz/promyshlennost/29450-22092015-v-astane-proshla-respublikanskaya-olimpiada-po-robototexnike>

7.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНДАР НӘТИЖЕЛЕРІ

IELTS халықаралық емтиханы

Ағылшын тілін меңгерудеңгейін анықтау мақсатында Зияткерлік мектептердің түлектері жыл сайын **IELTS халықаралық емтиханын** тапсырады, олардың нәтижелерін бүкіл әлем бойынша жетекші халықаралық жоғары оқу орындары мойындайды.

IELTS халықаралық емтиханы барлық 12-сынып оқушыларына міндетті.

2014-2015 оқу жылында IELTS емтиханын 15 Зияткерлік мектептердің 1 699 түлегі тапсырды. Барлық мектептер бойынша орташа балл 5,8-ді құрады.

2015-16 оқу жылдың қарашасында емтиханды 16 Зияткерлік мектептердің 2 072 түлегі тапсырды. Осы жылы да барлық мектептер бойынша орташа балл 5,8-ді құрады. Сонымен бірге емтиханды 3 жылдан көп (7 мектеп) тапсыратын мектептерде орташа балл **6,0** құрады. Ең жоғары нәтижені Астана қ. ФМБ түлектері көрсетті – **6,4 балл**.

Кесте. Зияткерлік мектептердің IELTS бойынша нәтижелері

№	Зияткерлік мектеп	Мектептің ашылған жылы	2013-2014	2014-2015	2015-2016
1	Астана қ.	2010 ж. қыркүйегі	5,8	6,7	-
2	Астана қ. ФМБ	2009 ж. қаңтары	6,5	6,4	6,4
3	Көкшетау қ.	2010 ж. қыркүйегі	5,9	5,8	5,9
4	Семей қ.	2010 ж. қыркүйегі	5,8	6,2	6,0
5	Талдықорған қ.	2010 ж. тамызы	5,9	5,9	6,2
6	Өскемен қ.	2010 ж. қыркүйегі	5,9	5,8	6,0
7	Орал қ.	2012 ж. қазаны	5,6	5,8	5,6
Барлығы/орташа			5,9	6,0	6,0
Жалпы оқушылардың саны			483	608	723

Мектептерде үш жыл ішінде емтихан нәтижелерінің өсу динамикасы байқалады.

2014-2015 оқу жылында 8 Зияткерлік мектеп (Қарағанды, Атырау, Шымкент (2), Павлодар, Тараз, Қызылорда, Ақтөбе ққ.) бірінші рет IELTS халықаралық емтиханын тапсырды, орташа балл - 5,5 құрады. 2015 жылдың қарашасында бұл нәтиже жақсарып, орташа балл **5,7 балды** құрады.

Кесте. Зияткерлік мектептердің IELTS бойынша нәтижелері

№	Зияткерлік мектеп	Мектептің ашылған жылы	2014-2015	2015-2016
1	Қарағанды қ.	2013 ж. қаңтары	5,7	5,9
2	Шымкент қ. ФМБ	2013 ж. наурызы	5,7	5,7
3	Шымкент қ. ХББ	2013 ж. наурызы	5,7	5,7
4	Ақтөбе қ.	2013 ж. қаңтары	5,6	5,7
5	Қызылорда қ.	2013 ж. қыркүйегі	5,4	5,5
6	Тараз қ.	2013 ж. қыркүйегі	5,3	5,5
7	Атырау қ.	2013 ж. қыркүйегі	5,2	5,3
8	Павлодар қ.	2013 ж. қыркүйегі	5,2	5,9
Барлығы/орташа			5,5	5,7
Жалпы оқушылардың саны			1 091	1 159

Бұл оқушылар Зияткерлік мектебінде ағылшын тілі бойынша төрт сөйлеу дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамытуға бағытталған деңгейлік бағдарламамен екі жыл ғана оқығанын атап өткен жөн. Тілді меңгеру деңгейінде елеулі прогресті Қарағанды және Павлодар ққ. мектептердің түлектері көрсетті.

Сонымен қатар, 2015 жылдың қарашасында IELTS емтиханын бірінші рет жаңа ашылған мектептердің (Алматы қ. ФМБ және Қостанай қ.) түлектері тапсырды. Орташа балл - **5,5 құрады.**

Кесте. Алматы қ. ФМБ және Қостанай қ. Зияткерлік мектептердің IELTS бойынша нәтижелері

№	Зияткерлік мектеп	Ашылған жылы	2015-2016	
			Түлектер саны	IELTS орташа балы
1	Алматы қ. ФМБ	2014 ж. шілдесі	161	5,8
2	Қостанай қ.	2014 ж. қыркүйегі	29	5,2
Барлығы/Орташа			190	5,5

IELTS ресми халықаралық сайтында жарияланған мәліметке сәйкес 2014 жылы Қазақстан бойынша (магистранттар, студенттер, мұғалімдер) орташа балл 5,8 құраса, әлем бойынша орташа балл 5,9 құрады (http://ielts.org/researchers/analysis_of_test_data/test_taker_performance_2014.aspx).

*Кесте. 2014 жылы әлем және Қазақстан бойынша нәтижелерді
Зияткерлік мектептердің IELTS бойынша нәтижелерімен салыстырғанда*

Зияткерлік мектептердің орташа балы	Қазақстан бойынша орташа балы	Әлем бойынша орташа балл
5,8	5,8	5,9

SAT халықаралық емтиханы

SAT емтиханы (Scholastic Assessment Test – Академиялық бағалау тесті) оқушылар үшін міндетті емес, ол өз еркімен тапсырылады. 2015 жылы емтиханды Астана (2), Көкшетау, Семей, Талдықорған, Орал, Қарағанды, Шымкент (2), Қызылорда ққ. 10 Зияткерлік мектептердің 218 түлегі тапсырып, SAT халықаралық сертификатын алды. Тапсырғандардың жалпы санынан - 118 оқушы SAT 1 («Математика, сыни оқу, жазылым»), 101 - SAT 2 («Физика», «Математика», «Химия», «Биология») тапсырды.

2015 жылы әлемде SAT емтиханын 1,7 млн. адам тапсырды, орташа балл - **1 490**. Осы жылы Зияткерлік мектептер түлектерінің орташа балы - **1 545** құрады, бұл әлем бойынша орташа көрсеткіштен 55 балға жоғары.

Кесте. 2015 жылы бойынша SAT нәтижелері

Нәтиже	Қатысушылардың саны	Жалпы орташа балл
Әлемде⁴	1,7 млн.	1 490
Зияткерлік мектептердің түлектері	118	1 545

Сонымен бірге 100 «жетекші» АҚШ-тың жоғары оқу орнына өту балы 2400-дің 1 280-нен (University of Wisconsin-Madison) 1 545-ке дейінгі (California Institute of Technology) аралықта құрайды⁵.

SAT бойынша ең жоғары орташа балды Шымкент қ. ФМБ көрсетті - (2 400-ден) 1 750 балл.

⁴ <http://www.foxnews.com/us/2015/09/03/sat-scores-fall-to-lowest-level-in-10-years/>

⁵ <http://www.forbes.com/sites/schiffrin/2014/08/04/top-100-sat-scores-ranking-which-colleges-have-the-brightest-kids/>

7.4. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ТҮСУ

2014-2015 оқу жылы Зияткерлік мектептерін 1 699 түлек аяқтады. Олардың ішінде:

- 309 - түлек Назарбаев Университетіне оқуға түсті, олардың арасында 36 оқушы тікелей 1-курсқа;
- 2 130 – түлек басқа қазақстандық жоғарғы оқу орындарына;
- 64 – жақын шет елдерінің жоғарғы оқу орындарына;
- 274 – түлек 17 алыс шет елдердің жоғарғы оқу орындарына оқуға қабылданды.

Жалпы оқуға түскен түлектердің 1 561-і немесе 92%-ы оқу грантын иеленді, олардың арасында 150 оқушы – 14 әлем елдерінің халықаралық грант иелері.

Кесте. Зияткерлік мектептер түлектерінің жоғары оқу орындарына түсу динамикасы

Мектепті бітіру жылы	Жалпы түлектердің саны	ЖОО түскен түлектердің саны				
		Назарбаев Университеті	ҚР өзге ЖОО		ТМД және алыс шетелдері ЖОО	
			Жалпы	оның ішінде грант	Жалпы	оның ішінде грант
2013	451	131	290	281	30	19
2014	483	152	279	264	52	38
2015	1 699*	309*	1 186	1 102	202	150
Жалпы саны:	3 185	715	2 130	2 001	338	245
Жалпы үлесі:	100%	22%	67%	63%	11%	8%

* 1 түлек Назарбаев Университетінің 1-курсына қабылданды, бірақ Apple компаниясы үшін Силикон алқабында бағдарламалық жасақтама жасау тобында жұмыс істеуіне байланысты оқудан бас тартты, тағы бір оқушының ата-анасы Ресейге көшуіне байланысты жоғары оқу орнына түспеді.

Зияткерлік мектептер түлектері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ), Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ), Қазақстан-Британ техникалық университеті (ҚБТУ), Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (ЕҰУ), Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург политехникалық университеті (Ресей), Warwick университеті (Ұлыбритания), Дебрецен университеті (Мажарыстан), Kookmin, Pusan ұлттық университеті (Корей Республикасы), Гонконг политехникалық университеті (Қытай) және басқа университеттерде оқуларын жалғастырды.

Жалпы оқуға түскендер арасында 80% астамы балашақ мамандығы ретінде техникалық (38,8%), жаратылыстану (22,3%), медициналық (15,3%), педагогикалық (3,4%) және экономикалық (8,5%) бағыттарын таңдаған.

Олардың ішінде «Аэроғарыш инженериясы», «Робототехника және мехатроника», «Ядролық физика», «Техникалық физика», «Энергетика және мұнай-газ өнеркәсібі», «Ақпараттық технологиялар, есептеу техникасы және бағдарламалық жасақтама», «Радиотехника және электроника», «Экология», «Бейорганикалық химия», «Биофизика», «Биотехнология», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Жалпы медицина», «Фармацевтика», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Стоматология» және тағы да басқа мамандықтар.





8-БӨЛІМ. ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ



Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың еліміздің білім беру жүйесіне Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату жөнінде берген тапсырмасын іске асыру жұмыстары екі бағытта жалғасты:

- жаңа оқыту әдістемелері мен технологияларын енгізу;
- орта білім мазмұнын жаңарту.

Еліміздің білім беру жүйесіне жаңартылған білім мазмұнын енгізуге дайындық бойынша іс-шаралар келесі мемлекеттік институттармен және қоғамдық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта жүргізіліп келеді: Ы. Алтынсарин ат. ҰБА, «Өрлеу» БАҰО АҚ, «Оқулық» РМҚК, «Мектепке дейінгі балалық шақ» РМҚК, «Бөбек» РОСО, ұлттық және педагогикалық жоо-лар (18), республикадағы 35 базалық, 30 пилоттық мектеп, Қызылорда облысындағы 22 мектеп, О. Жәутіков ат. РМФМОМИ.

Инновациялық оқыту әдісі мен жаңартылған білім мазмұнын енгізу бойынша ынтымақтастық туралы Меморандум еліміздің бірқатар жоо-дарымен жасалды: Абай ат. ҚазҰПУ, әл-Фараби ат. Қаз ҰУ, ҚазҚызПУ, ҚБТУ, КИМЭП, ХАТУ, Қ. Сәтпаев ат. ҚазҰТУ, Павлодар пединституты, Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы, Қызылорда облысының әкімдігі.

8.1. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ

Педагогикалық шеберлік орталығы (пшо) 2015 жылы 4 бағыт бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірледі:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген гуманитарлық колледждердің бітіруші курс **студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы;**
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген гуманитарлық колледждердің бітіруші курс **студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту бағдарламасы;**
3. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын **жоо профессор-оқытушылар құрамы қатарынан тренерлерді оқыту бағдарламасы;**
4. Қазақстан Республикасында **орта білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары** (педагог қызметкерлердің жекелеген санаттарына арналған 22 бағдарлама).

8.2. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Жаңартылған білім мазмұнын енгізу жағдайында педагогтің кәсіби құзыреттілігі білім беру сапасын арттырудағы маңызды фактор болып табылады.

Еліміздің білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру 8 бағыт бойынша жүргізілді.

1. Еліміздің білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы (деңгейлі бағдарлама).

ПШО Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген деңгейлі бағдарлама бойынша курстарды іске асыру жұмыстары жалғасты.

2015 жылы деңгейлі бағдарлама бойынша барлығы **4 993 мұғалім⁶** оқытылды, соның ішінде:

- **3 711** жалпы білім беретін мектептердің мұғалімі;

- **1 243** Зияткерлік мектептердің мұғалімі;
- **39** О. Жәутіков атындағы РМФМОМИ мұғалімі.

Деңгейлі бағдарлама бойынша курстарды аяқтаған жалпы **білім беретін мектептердің 3 711 мұғалімінің 935-і** Үшінші (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша, **2 776-ы** Бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасы бойынша оқытылды.

Деңгейлі бағдарлама курстарын аяқтаған О. Жәутіков ат. РМФМОМИ-дің **39 мұғалімінің 14-і** үшінші (базалық) деңгей, **18-і** екінші (негізгі) деңгей, **7-і** бірінші (ілгері) деңгей бойынша оқып шықты.

Зияткерлік мектептердің 1243 педагогі оқытылды, 561-і оқуларын жалғастыруда.

Кесте. 2014-2015 жж. деңгейлі бағдарлама бойынша мұғалімдерді оқыту

Деңгейлі бағдарлама атауы	Оқытылғандар саны		
	Барлығы	оның ішінде	
		2014 г.	2015 г.
Үшінші (базалық)	2 953	1 004	1 949
Екінші (негізгі)	1 172	999	173
Бірінші (ілгері)	5 972	3 101	2 871
Жиынтығы:	10 097	5 104	4 993

Жалпы 2014-2015 жж. **Зияткерлік мектептердің 1243 педагогі** деңгейлі бағдарлама бойынша оқудың толық курстарынан өтті.

Кесте. 2014-2015 жж. деңгейлі бағдарлама бойынша
Зияткерлік мектептердің мұғалімдерін оқыту

Оқыған мұғалімдердің саны							
3 деңгей	%	2 деңгей	%	1 деңгей	%	Барлық оқығандар	НЗМ мұғалімдерінің жалпы санынан %
1 000	41,03	155	6,36	88	3,61	1 243	51,00

Диаграмма. Біліктілік санаттары бойынша курс тыңдаушыларын
(Зияткерлік мектептердің мұғалімдері) бөлу



⁶ ҚР БҒМ 29.08.2015 ж. № 01-4-02-5/2917-И хатына сәйкес Екінші (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша ПШО базасында 2015 жылы 1 200 тыңдаушыны оқыту тоқтатылды.



Деңгейлі бағдарлама бойынша оқыған МҰҒАЛІМДЕРДІ БАҒАЛАУ

2015 жылы ПШО және «Өрлеу» Ұлттық біліктілік арттыру орталығы» («Өрлеу») филиалдарында 2014-2015 жж. өткен деңгейлі курстардың 12 легінде бағалау рәсімдерінің қорытындысы бойынша 13 157 мұғалім сертификатталды. Тыңдаушыларды қорытынды бағалау: портфолио, презентация және Біліктілік емтиханы компоненттерін бағалау негізінде жүзеге асырылды.

Кесте. Сертификаттауға ұсынылған мұғалімдердің саны

Оқыту орталығы	3 деңгей		2 деңгей		1 деңгей		Барлығы	
	негізгі*	қайта тапсыру*	негізгі	қайта тапсыру	негізгі	қайта тапсыру	негізгі	қайта тапсыру
ПШО	1 888	14	172	32	2 360	158	4 420	204
«Өрлеу»	7 527	204	730	72	-	-	8 257	276
Барлығы	9 415	218	902	104	2 360	158	12 677	480
								13 157

*Негізгі мұғалімдер – 2015 жылы деңгейлі курстарда оқыған мұғалімдер

*Қайта тапсырушы мұғалімдер – 2012-14жж. деңгейлі курстарда оқыған және бағалау компоненттерін (портфолио және/немесе презентация және/немесе емтихан) қайта тапсырушы мұғалімдер

Кесте. Мектептің түрі бойынша сертификаттауға ұсынылған мұғалімдердің саны

Мектептер	Бағдарлама бойынша бағалауға қатысқан мұғалімдер саны			Барлығы	Бағдарлама бойынша сертификаттауға ұсынылған мұғалімдер саны			Барлығы
	3 деңгей	2 деңгей	1 деңгей		3 деңгей	2 деңгей	1 деңгей	
жалпы білім беретін мектептер	9 137	968	3 129	13 234	8 649	834	2 437	11 920
Зияткерлік мектептер	1 020	155	88	1 263	970	154	75	1 199
РМФМОМИ	14	18	7	39	14	18	6	38
Барлығы	10 171	1 141	3 224	14 536	9 633	1 006	2 518	13 157

Деңгейлі курстар аясында мұғалімдерді бағалау, тренерлердің 3, 2, 1 деңгей мұғалім портфолиосын жиынтық бағалау айдарын толтыру, тест тапсырмаларын құрастыру, сараптау және талдау бойынша **әдістемелік нұсқаулықтар** шығарылды.

2015 жылдан бастап **Біліктілік емтиханы** үшін сарапталып талдаудан өткен тест тапсырмаларынан қазақ және орыс тілдерінде 54 нұсқа тест (сұрақ-кітапшасы) құрастырылды. Тест тапсырмаларын талдау IRT аясындағы Winsteps бағдарламасы көмегімен автоматтандырылды. Бұл бағдарлама тесттік тапсырмалардың психометрикалық сипаттамаларын, сыналушылардың саны көп болған жағдайда тұтастай қарастыра отырып, аз қателікпен анықтауға мүмкіндік береді.

2015 жылы тест құрастырушылар тобы 2 біліктілікті арттыру курсынан өтті.

2014-2015 жылдары деңгейлі курстардағы мұғалімдерді бағалау рәсімдерін жүзеге асыру нәтижесінде 29 385 мұғалім сертификаттауға ұсынылды.

Кесте: Сертификаттауға ұсынылған мұғалімдер саны

Курс бағдарламасының деңгейі	2014 ж.	2015 ж.	Барлығы
3 (базалық) деңгей	9 281	9 633	18 914
2 (негізгі) деңгей	4 094	1 006	5 100
1 (іргелі) деңгей	2 853	2 518	5 371
Барлығы	16 228	13 157	29 385

Lesson Study тәсілдерін енгізу



10 December 2015

To Whom It May Concern:

This is to certify that Mrs. Assel Shatimova, Deputy Director of the Center of Excellence AEO "Nazarbayev Intellectual Schools", Kazakhstan, was elected a Council Member of the World Association of Lesson Studies at the Annual General Meeting held on 24 November 2015.

The present Council's term is 2015–2016 (4 years) and Mrs. Shatimova will be invited to renew her position in Council for the next term, 2017–2020, when the current term ends.

Yours sincerely,



Pauline Chan
Administrator

Address: National Institute of Education, Curriculum, Teaching and Learning Academic Group
1 Nanyang Walk, Singapore 639798

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы іске асқан сәттен бастап елімізде Lesson Study (Сабақты зерттеу) тәсілі енгізілуде.

2015 жылғы 24 қарашада Дүниежүзілік Сабақты зерттеу қауымдастығының (WALS) жыл сайынғы халықаралық конференциясы аясында ПШО өкілі ретінде халықаралық жобалар жөніндегі директорының орынбасары WALS Кеңесі құрамына енді <http://walsnet.org/council-members.html>.

The World Association of Lesson Studies (WALS) <http://walsnet.org/>.

2. Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы (басшылар бағдарламасы)

Есепті кезеңде курсқа **956** басшы қабылданды, сондай-ақ өткен кезеңде белгілі себептермен оқуын аяқтай алмаған **9** басшы оқуларын жалғастыруда. 2014 жылы курсты бастаған **660** басшы оқуларын аяқтады.

Аталған бағдарлама бойынша толықжинақты мектептер басшыларының 70%-нан артығы қамтылды, 100% оқытуды 2016 жылы аяқтау және шағын жинақты мектептердің басшыларын, аталған ұйымдардың ерекшелігін ескере отырып, оқытуды бастау жоспарланған.

Кесте. 2014-2015 жж. жалпы білім беру ұйымдарының басшыларын оқыту

Тыңдаушылардың санаты	2014	2015	Барлығы
ҚР жалпы білім беру ұйымдарының басшылары	583	660	1 243

3. Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы бағдарламалар

Қазақстан Республикасы орта білім мазмұнын жаңарту аясында тренерлер мен педагог кадрларды оқыту

Орта білім мазмұнын жаңарту аясында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыру үшін барлығы **768 тренер** даярланды, 2015 жылғы маусымнан бастап қараша аралығында республиканың **1 859 педагогі** оқытылды, оның ішінде:

- 1 091 мұғалім;
- 30 пилоттық мектептің 84 басшысы;
- облыстық, Алматы, Астана ққ. білім басқармаларының, аудандық (қалалық)

- білім бөлімдері мен әдістемелік кабинеттерінің 500 маманы мен әдіскері;
- жаңартылған орта білім мазмұнын енгізудің мониторингісін ұйымдастыру жөніндегі 184 маман.

Кесте. Білім беру ұйымдары бөлінісіндегі тренерлердің құрамы

Тыңдаушылар келген білім беру ұйымдарының атауы	Тренерлердің саны
ПШО мен оның филиалдары	185
Зияткерлік мектептер	49
Ы.Алтынсарин ат. ҰБА	19
«Өрлеу» мен оның филиалдары	262
Өзге де білім ұйымдары	253
Жиынтығы:	768


Кесте. Өңірлер бөлінісіндегі тренерлер мен педагог кадрлардың құрамы

№	Өңір/Облыс	Оқытылғандар саны	
		тренерлер	пед. кадрлар
1	Астана қ.	77	141
2	Алматы қ.	66	62
3	Ақмола облысы	40	104
4	Ақтөбе облысы	47	120
5	Алматы облысы	54	115
6	Атырау облысы	32	93
7	Шығыс Қазақстан облысы	57	121
8	Жамбыл облысы	44	134
9	Батыс Қазақстан облысы	44	135
10	Қарағанды облысы	41	131
11	Қостанай облысы	40	97
12	Қызылорда облысы	50	135
13	Маңғыстау облысы	28	106
14	Павлодар облысы	36	108
15	Солтүстік Қазақстан облысы	38	89
16	Оңтүстік Қазақстан облысы	74	168
	Жиынтығы:	768	1859

4. Қызылорда облысының жалпы білім беру ұйымдарының педагог кадрларын оқыту

ДББҰ мен Қызылорда әкімдігі арасындағы Өзара ынтымақтастық туралы Меморандумды іске асыру аясында Қызылорда облысындағы жалпы білім беру ұйымдарының **641 педагогін** ПШО-ның Қызылорда қаласындағы филиалы базасында оқыту курстары ұйымдастырылды.

Оқыту пәні және лауазымы бойынша тыңдаушылар контингентінің сипаттамасы



2015 жылғы наурызда Қызылорда облысының **300-ден аса педагог қызметкерлерінің** қатысуымен «Білім беру ортасының трансформациясы» тақырыбында Республикалық семинар-кеңес өткізілді.

5. «Оқулық» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының сарапшыларын оқыту

Жаңартылған орта білім мазмұны бағдарламасы бойынша ПШО базасында «Оқулық» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының **227 сарапшысы** оқып шықты.

6. Педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы қатарынан тренерлерді оқыту бағдарламасы

Біліктілікті арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген аталған бағдарлама бойынша Кембридж университеті сарапшыларының қатысуымен еліміздің 18 жоо-нан **298 тренер** оқытылды.

7. Гуманитарлық колледждердің бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша тренерлерді дайындау курсына 25 колледжден **250 оқытушы**, сондай-ақ педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын **жоо профессор-оқытушылар құрамы қатарынан тренерлерді оқыту бағдарламасы** бойынша еліміздің 19 жоо-нан 250 оқытушы оқуға тіркелді.

8. Біліктілікті арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген Педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоо бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша 18 жоо-нан **8 045 студент** оқытылды.

8.3. ТРЕНЕРЛЕРДІ КӘСІБИ ДАМУ

ДББҰ оқытылған тренерлердің әлеуетін арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Есепті кезеңде Кембридж университетінің Білім беру факультеті сарапшыларының қызмет көрсетуімен ПШО 5 филиалында мен «Өрлеу»-дің Көкшетау, Тараз, Орал, Талдықорған, Петропавл қалаларындағы жұмыстар жүргізілді.

Кембридж университеті Білім беру факультетінің **9 сарапшысы** басшылар бағдарламасы аясында жұмыс істейтін 35 тренерге тәлімгерлік көрсетті.

Кембридж университеті Білім беру факультетінің **7 сарапшысы** деңгейлі бағдарлама аясында жұмыс істейтін 20 тренерге тәлімгерлік көрсетті.

Сарапшылар семинарлар, тренингтер өткізді. Тренерлер жоспарлаудың практикалық дағдылары, бағалау, коучингті өткізу, деңгейлі бағдарлама мазмұны мен пәндік педагогикалық білімнің ықпалдастығы жайлы тәлім алды.

8.4. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Педагогтердің оқуы курстан кейінгі қолдаумен мына бағыттарда сүйемелденеді:

- мұғалімдердің және білім беру ұйымдары ұжымының желілік өзара әрекет жасайтын бірыңғай ақпараттық кеңістігін құру;
- мұғалімдердің білімі мен дағдыларын одан әрі жетілдіру;
- мектеп практикасын жақсарту жөніндегі жұмыстарды белсенді жүргізу;
- мұғалімдердің проблемалары мен қазақстандық мектептердің жаңа сұраныстарына қарай икемді әрекет ету.

Әр облыста **632 Жетекші мектеп** (ЖМ) белгіленіп, солардың базасында сертификатталған педагогтердің кәсіби қоғамдастығы құрылуда, олар 8-10 магниттік мектептермен жұмыс істеуге бағытталған.

18 облыстық семинарлар мен форумдар, осы бағытта 4 облыстық конкурстар өткізілді.

Кесте. Сертификатталған мұғалімдерге курстан кейінгі қолдау көрсету аясында филиал тренерлері ұйымдастырған іс-шаралар

Облыстық іс-шаралар		Семинарлар мен дөңгелек үстелдер		Коучинг-тер		Шеберлік сабақтары		Мектеп-терге бару		Сабақтарға қатысу		
барлығы	соның ішінде, ЖМ базасында	барлығы	соның ішінде, ЖМ базасында	барлығы	соның ішінде, ЖМ базасында	барлығы	соның ішінде, ЖМ базасында	барлығы	соның ішінде, ЖМ базасында	барлығы	соның ішінде, ЖМ базасында	соның ішінде, НЗМ базасында
21	21	209	146	406	285	308	2 015	731	511	2 366	1305	501

Қалыптастырушы бағалау

Жалпы білім беретін мектеп басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасын іске асыру үдерісінде ПШО тренерлері өңірлерге шыға отырып, курс тыңдаушыларының қызметіне **қалыптастырушы бағалауды** жүзеге асырды. Аталған рәсіммен **808** мектеп басшысы қамтылды.

Қалыптастырушы бағалау аясында тренерлер **1 376** сабаққа, **553** коучингке және **326** шеберлік сабақтарына қатысты. Мұғалімдермен - 1 156, оқушылармен - 1 328, ата-аналармен - 520 сұхбат жүргізілді.

8.5. БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ САПАСЫНЫҢ МОНИТОРИНГІСІ

Біліктілікті арттыру бағдарламаларының мазмұны мен нәтижелілігінің сапасын бағалау мақсатында мониторингтік зерттеулер жүргізу жалғасуда.

Осы ретте сертификатталған педагог кадрлардың, олардың әріптестерінің, білім беру ұйымдары басшыларының, ата-аналар мен оқушылар арасында курстық және курстан кейінгі мониторинг жүргізілді.



Курстың мониторингке 217 007 респондент қатысты, оның ішінде:

- деңгейлі бағдарлама бойынша – 12 441 адам;
- басшылар бағдарламасы бойынша – 1 576 адам;
- жоо ПОҚ-на арналған бағдарлама бойынша – 298 адам;
- орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламалары бойынша – 2 692 адам.

Курстан кейінгі мониторингпен 140 600 респондент қамтылды, оның ішінде:

- деңгейлі бағдарлама бойынша - 83 725 адам;
- басшылар бағдарламасы бойынша – 48 530 адам;
- жоо ПОҚ-на арналған бағдарлама бойынша – 8 345 адам.

2015 жылы ҚР педагог кадрларының біліктілігін арттыру бағдарламалары аясындағы мониторингтік зерттеулер нәтижелері бойынша **6 кітап** шығарылды.

Мониторинг қорытындысы бойынша:

- 1) 97,8% сертификатталған мұғалімдер мен басшылар алған білімдерін практикада қолданудың тиімділігін растады;
- 2) 95% сертификатталған мұғалімдер мен басшылар жаңа әдістер мен оқыту технологияларын, рефлексияны, оқушының жетістігін бағалау критерийлерін өз практикаларында тиімді қолдану дағдыларының қалыптасқандығын атап өтті;
- 3) 94,7% сертификатталған мұғалімдердің мұғалім-әріптестері оларда оқу үдерісін жоспарлау дағдыларының, оқытудың, зерттеудің, талдау мен бағалау жұмысының заманауи әдістерін игеру деңгейінің артқандығын атап өтті;
- 4) 83,7% ата-аналар балаларының оқуға деген ынтасының артқанын, нәтижелерінің жақсарғандығын атап өтті;
- 5) 92,8% оқушылар сертификатталған мұғалімдердің сабақтары қарқынды, толық екендігін және шаршатпайтындығын тұжырымдады.

Мониторинг нәтижелері келесі қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- 1) курстың мазмұны мен форматы кәсіби ұстанымдарды өзгертуге, педагогтің жеке тәжірибесіне деген тұтастай көзқарасын қайта қарауға, өзіндік талдау, өзара оқыту дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді;
- 2) курс форматы максималды практикаға бағытталған;
- 3) деңгейлі бағдарламаның жеті модулі бойынша білімін жұмыста кешенді қолдану тиімді және оқушылардың оқу материалын табысты игеруге, ақпаратты сын тұрғысынан пайымдау дағдыларын қалыптастыруға, негізделген қорытындылар жасауға және талдауға ықпал етеді;
- 4) тыңдаушылар құрылымдалған түрде «игеру – апробациялау – бекіту» жүйесінде білім алады.

Біліктілікті арттыру курсының тиімділігін сертификатталған мұғалімдерден білім алған оқушылардың білім сапасының нәтижелері растайды:

зерттелген мектептердің қатарынан 88%-ы (іріктеу көлемі – 674 мектеп) ҰБТ көрсеткіштерінің жақсарғанын көрсетеді.


8.6. «НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДББҰ – ЕЛІМІЗДІҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІ ҮШІН РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАЛОГ» АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫН БАСЫП ШЫҒАРУ

Тәжірибені тарату аясында тоқсан сайын оқыту әдістемесі мен жалпы педагогиканың өзекті мәселелеріне арналған қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналы (журнал) шығады.



№1 (11) нөмір
«Тиімді жоспарлау»
тақырыбына
арналды



№2 (12) нөмір
«Оқыту мен оқудағы
ақпараттық-
коммуникациялық
технологиялар»
тақырыбына
арналды



№3 (13) нөмір
«Әріптестерді
оқыту: коучинг
мен тәлімгерлік»
тақырыбына
арналды



№4 (14) нөмір
«Назарбаев
Зияткерлік
мектептері» ДББҰ-ның
«Білім беру: зерттеу
мен тұрақты даму»
VII Халықаралық
ғылыми-тәжірибелік
конференциясының
жұмыс
қорытындысына
арналды

2015 жылы журналдың 4 нөмірі 8 000 данамен басылып шықты.

Журналда отандық білім беру ұйымдарының тәжірибелі мұғалімдері мен ғалымдарының, сонымен қатар шетелдік ғалымдардың мақалалары жарияланды.

Кесте. Журналдағы мақалалар авторларының санаты

Журнал нөмірі Авторлар санаты	Журнал нөмірі				Жиынтығы	
	№1	№2	№3	№4	Саны	%
НЗМ мұғалімдері	11	7	-	1	19	32,3%
Жалпы білім беретін мектептер мұғалімдері	1	-	1	-	2	3,3%
ПШО қызметкерлері	4	4	4	3	15	25,4%
Жоо қызметкерлері	-	3	2	-	5	8,4%
Шетелдік сарапшылар	1	1	5	6	13	22%
ҚР білім беру ұйымдарының қызметкерлері	3	1	-	1	5	8,4%
Жиынтығы:	20	16	12	11	59	100%

Әдістемелік әдебиеттерді басып шығару

«Әдістемелік кітапхана» құру аясында ақпараттық-әдістемелік әдебиеттер шығару жұмысы жалғасты.

Кесте. Шығарылған оқу-әдістемелік әдебиеттердің саны

№	Жылы	ПШО қызметкерлері шығарған оқу-әдістемелік әдебиеттер атауының саны
1	2014	50
2	2015	60
Жиынтығы:		110

2015 жылы **60** атаулы кітап шығарылды: әдістемелік құралдар (50), мониторингтік зерттеулер (9), эсселер жинағы (1). Сондай-ақ орта білім мазмұнын жаңарту аясында 1 сыныпқа арналған «Қазақстанның көрнекі геометриясы» әзірленіп, шығарылды.

ОНЛАЙН САБАҚТАРЫ МЕН СЕМИНАРЛАР

2015 жылы 494 онлайн сабағы өткізілді. Оның барысында Зияткерлік мектептері педагогтерінің білім берудегі тәжірибелері таратылды.

Есепті кезеңде келесі пәндер бөлінісінде критериалдық бағалау бойынша 48 онлайн семинарлар өткізілді: 1, 2, 7, 8, 9,11,12 сыныптарға Математика, Физика, Химия, Биология, Бастауыш мектеп, Қазақ тілі, Орыс тілі, Ағылшын тілі, Жаһандық келешек және жоба жұмысы, Информатика және Өнер.

“ | Онлайн семинарлар мен сабақтардың барлық материалдары <http://moodle.nis.edu.kz/> порталында орналасқан, әрі қолжетімді.

“ | Мұғалімдер жасаған оқу бейнероликтері мен бейнефильмдері NIS for You каналының [youtube.com](https://www.youtube.com) порталында орналасқан.

МЕКТЕП КІТАПХАНАСЫ

Тәжірибе таратудың мақсаты мектеп кітапханасының жұмысына жаңа әдістерді енгізу, халықаралық тәжірибені зерделеу арқылы отандық кітапхана саласын дамыту, әріптестік қарым-қатынасты қалыптастыру.





Мектеп кітапханасы туралы жақсы имидж қалыптастыру және кітапханалық қызмет көрсетудің сапасын жақсартуда Зияткерлік мектептер еліміздің жалпы білім беру және пилоттық мектептеріне, жоғарғы оқу орындары, арнаулы орта оқу орындарының кітапхана ісі мамандығының студенттеріне өз тәжірибелерін таратуда.

Зияткерлік мектеп оқушыларымен бірлескен жыл сайын өткізілетін Bookcrossing «Білімнің көзі – кітапта» атты іс шараға **8 700** дана көркем және ғылыми-энциклопедиялық әдебиеттер жиналып, 39 жалпы білім беру мектептеріне сыйға берілді, бұл еліміздегі оқушылар арасында «оқыған кітабыңмен бөлісу» идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТАР ҚҰРАЛДАРЫМЕН (БАҚ) ЫҚПАЛДАСТЫҚ

2015 жылдың 19 қарашасындағы ақпаратқа сәйкес медиа-статистикалық талдау бұқаралық ақпарат құралдарында педагогтердің біліктілігін арттыру мәселелеріне арналған жалпы саны **218 мақала**, оның ішінде республикалық БАҚ-та **37**, жергілікті БАҚ-та **158**, электронды сайттарда **23 мақала** жарияланғандығын көрсетіп отыр.

Мақалалар орта білім беру мазмұнын жаңарту, оқыту мен білім берудің жаңа тәсілдері, озық педагогикалық тәжірибені тарату, мектеп менеджменті тақырыптарын қамтыды.

8.7. ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЖЕЛІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҒЫН ҚОЛДАУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫ

Біліктілікті арттыру курстары тыңдаушыларының желілік қоғамдастығын дамыту бойынша **www.cpm.kz. Білім беру порталында** жұмыстар жалғасты.

Есепті кезеңде «Біліктілікті арттыру бағдарламасы» бөлімінде келесі бөлімшелер әзірленді:

- Педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоо бітіруші курс студенттеріне арналған қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы;
- Орта білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы.

Әр бағдарламаның материалдары браузердің бір парағы аясында үш тілде (қазақша, орысша және ағылшынша) берілген, онда Курс бағдарламасының pdf-нұсқасы, Мұғалімге (тренерге/студентке) арналған нұсқаулық, мектептегі (жоо-дағы) тәжірибе кезінде орындауға арналған тапсырмалар, сондай-ақ құрылымдалған апталық үлестірме материалдар орналасқан.

Ағымдағы жылы желілік қатынас жасау ортасы – Портал блогын іске асыру басталды, есепті кезеңде аталған бөлімде 46 пост-хабарламалар жарияланды. Статистикалық деректерге сәйкес ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап желтоқсан аралығында порталға **591 105** шығу мен **61 600 тіркелу** белгіленді.

№	Есепті жыл	Тіркелген пайдаланушылар саны	Қатысқандар саны
1	2014	39 000	331 077
2	2015	61 600	591 105

2015 жылы республиканың педагог кадрлары мен жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстары аясындағы педагог қызметкерлердің деректер базасынан өзге келесілер әзірленді:

- Педагог кадрларды даярлауды жүзеге асыратын жоо ПОҚ мен оның бітіруші курс студенттеріне арналған қосымша кәсіби білім беру курстары аясындағы деректер базасы;
- ҚР орта білім мазмұнын жаңарту курстары аясындағы педагог қызметкерлердің деректер базасы;
- ПШО-ның біліктілікті арттыру курстары тренерлерінің деректер базасы.

Тренерлердің қоғамдастығын тиімді қолдану үшін **www.cpm.kz** порталында деңгейлі бағдарлама, басшылар бағдарламасы және елімізде орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламалары **тренерлерінің желілік қоғамдастығын** жаңғырту жүзеге асырылды.

Порталда жұмыс істеу басшылар мен мұғалімдерге өздерінің педагогикалық шеберлік деңгейін арттыруға, тәжірибе алмасуға, ынтымақтасуға, онлайн және офлайн режимінде мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді.

Порталда тренерлермен:

- **388** қатысушыны қамтитын, **19 вебинар**;
- **15 шеберлік сабағы** өткізілді.

Осы шаралар мұғалімдер мен білім алушылардың рефлексивтік дағдыларын, педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыруды, сын тұрғысынан ойлауды, сабақта бірлескен орта құруды, тәлімгерлік пен коучинг мәселелерін қарауды, жоспарлау мен мақсат қоюды, мектептегі көшбасшылық пен басқаруды, біліктілікті арттыруды іске асыру аясында жетекші/тірек мектептерін курстан кейінгі қолдауды дамытуға арналды.

Электрондық әдістемелік жинақтағыш 700 материалға толықты, онда деңгейлі курстар аясында оқудан өткен Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің сабақтарының озық әдістемелік әзірлемелері қамтылған. Жинақтағышта барлығы 900 әзірleme бар. Сайттағы әзірлемелер санының көпшілігі қазақ тілі мен әдебиеті (19%), орыс тілі мен әдебиеті (19%), математика (14%) және биология (10%) пәндері бойынша.

Жүйелі-әдістемелік кешен (ЖӘК) порталын дамыту

Мекенжайы **http://sk.nis.edu.kz/** web-ресурста орналасқан ЖӘК порталы негізінде білім берудің жаңартылған мазмұнының апробациясына арналған техникалық жұмыстарды жүзеге асыру аясында «30 пилоттық мектеп» модулі жүзеге асырылды. ЖӘК-де бастауыш сыныптардың мұғалімдеріне арналған 100 сабақтың, 400 әдістемелік материалдардың үлгілері, шеберлік сабақтары, бастауыш мектептің барлық пәндері бойынша әдістемелік ұсыныстар, сандық білім беру ресурстары және т.б. жинақталған. Мұғалімдер порталмен жұмыс жасауға оқытылған.



ЖӘК порталында келесі құрылымдарды қосатын «Пікір-талас алаңы» модулі құрылған:

- ЖӘК порталымен жұмыс жасау бойынша сұрақтар;
- бағалау жүйесі;
- электронды журнал;
- пилотты мектептердің директорлары;
- Алтынсарин атындағы ББҰА-нан кеңес беру;
- бағалаудың критериялы жүйесі;
- оқулықтар бойынша жалпы сұрақтар;
- апробацияның ұйымдастыру сұрақтары;
- оқу бағдарламалары мен жоспарларының мазмұны;
- бастауыш мектептің пәндеріне сәйкес ОӘК.

Оқу бағдарламалары мен ҚР бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын апробациялау кезінде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетуге арналған әр сабақтық жоспарлар мен оларға сәйкес материалдардың (презентациялар, дидактикалық, аудио-бейне ресурстар) 100-ден астам талдамалары жиналған. Сонымен қатар, онлайн платформа 30 пилотты мектептің мұғалімдеріне кеңес беру, Зияткерлік мектептер мұғалімдерімен қатынас және тәжірибе алмасуға жағдай жасау үшін пайдаланылады.

8.8. КОНФЕРЕНЦИЯЛАР

ДББҰ жыл сайын Халықаралық ғылыми-практикалық конференция мен Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің Тамыздық конференциясын өткізеді.

Конференциялар жұмысы орта білім беру, білім беру мазмұны, оқушылар жетістігін бағалау, мұғалімдердің кәсіби дамуы мен көшбасшылығы аясындағы негізгі тақырыптар мен трендтерді қамтиды.

«Білім беру: зерттеу және тұрақты даму» ДББҰ VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының бағдарламасы бірнеше бағыттардан тұрды: бастауыш мектепте білім беру мазмұнын жаңарту, бағалау, куррикулумдағы инновациялар, балалардың амандығы мен оларды тәрбиелеу.





Конференция жұмысына Зияткерлік мектептердің стратегиялық серіктері қатысты: – Назарбаев университеті, Кембридж университеті, Кембридж университетінің Халықаралық емтихандар кеңесі, Cito педагогикалық өлшем Институты, СТУ Джон Хопкинс университетінің дарынды жастар Орталығы, Халықаралық Бакалавриаттың орталық кеңесі, Лондон Университеттік колледжі (UCL), Пенсильвания университеті (АҚШ). Конференцияға алғашқы рет SLO куррикулум әзірлеу Институты (Нидерланд), Родс университеті (Оңтүстік Африка), Лихай университетінің білім берудің жоғары мектебі (АҚШ), Баск елінің тілдер және қолданбалы лингвистика университеті (Испания) және т.б. қатысты. Конференция материалдары

“ <http://conference.nis.edu.kz/october2014ru/>
вебсайтында кедергісіз кіру арқылы орналасқан.

2015 жылы «Жаңа білім беру бағдарламалары, инновациялар және құзыреттілік тәсіл – мектеп табысының кепілі» атты білім беру қызметкерлерінің жыл сайынғы республикалық тамыз педагогикалық кеңесінде ДББҰ 30 пилоттық мектептерге дайындалған оқу-әдістемелік кешендер мен білім беру ресурстарының (бастауыш мектептің оқу бағдарламалары мен 1 сыныпқа арналған оқу жоспарлары, сандық білім беру ресурстары, әдістемелік құралдар) көрмесін ұйымдастырды.





Көрме аясында бастауыш мектеп пәндері бойынша шеберлік сабақтары ұйымдастырылды, мұнда қолжетімді материалды пайдалану арқылы оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формалары көрсетілді.

ДББҰ онлайн платформасында (sk.nis.edu.kz) орын алған 30 пилоттық мектепке арналған жүйелі-әдістемелік кешеннің (ЖӘК) көрсетілімі болды. ЖӘК-те әзірленген 100-ден астам сабақтың жұмыс жоспары мен оларға сәйкес ҚР Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын апробациялау кезінде мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету үшін материалдар (презентациялар, дидактикалық, аудио-, бейне ресурстар) және оқу бағдарламалары орын алды. Сонымен қатар онлайн платформа 30 пилоттық мектептің педагогтарына кеңес беру, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдерімен ынтымақтастық орнату және тәжірибемен бөлісу үшін жағдайды жасау мақсатында қолданылады.

Қазақ тілі мұғалімдерінің әлеуетін жоғарылату және практикаға мемлекеттік тілді деңгейлік оқытуды енгізу мақсатында елдің жалпы білім беру мектептерінің 300-ден астам мұғалімнің қатысуымен ДББҰ «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық тәсілдер: Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі» республикалық форумын өткізді.

8.9. ҚР ОРТА БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ

2015 жылы Зияткерлік мектептердің тәжірибесін республиканың орта білім беру жүйесіне трансляциялау бойынша ДББҰ өзінің жүйелі жұмысын жалғастырды. Жоспарланған іс-шаралар үш бағыт бойынша жүргізілді:

- 1) білім берудің мемлекеттік стандарттарын, оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу мен қайта өңдеу;
- 2) мұғалімдерді оқыту;
- 3) білім беру мазмұнын жаңартуға арналған республикалық, облыстық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге қатысу.

Әзірленді:

- бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;
- бастауыш мектеп бойынша 17 оқу бағдарламасы және 12 оқу жоспары;
- негізгі мектеп бойынша 21 оқу бағдарламасы және 16 оқу жоспары;
- ҚР мектептеріне арналған критериялы бағалау жүйесінің ережелері;
- 1 сынып оқушыларына арналған критериялы бағалау жүйесі бойынша 20 құжат: 18 әдістемелік ұсыныс пен 2 нұсқаулық.

Ұйымдастырылды:

- Әзірлеу мен қайта өңдеу бойынша 79 семинар, оқу бағдарламалары мен жоспарларын қайта қарау бойынша 18 семинар;



• Жаңартылған білім беру мазмұнын апробациялауға дайындалу кезінде барлық пәндер бойынша бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларымен жұмыс жасау бойынша пилоттық мектептердің 218 мұғаліміне арналған 3 оқыту семинары Критериалды бағалау жүйесі бойынша пилоттық мектептердің бастауыш сыныптарының, АКТ, орыс, қазақ, ағылшын тілдерінің мұғалімдері оқытылды. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын апробациялау мониторингінің әдіснамасы бекітілді, шілде айынан бастап критериалды бағалаудың жаңа жүйесіне арналған электрондық журнал енгізілді.

30 пилоттық мектептің мұғалімдерін ресурстық қолдау мақсатында ОӘК және әдістемелік құралдардың 38,6 мың данасынан тұратын апробация кітапханасы әзірленді әрі таратылды:

- 1 768 оқу бағдарламасы;
- 1 360 оқу жоспары;
- 962 әдістемелік құрал;
- 2 250 ұсыныс;
- 32 235 ОӘК (оқулықтар, жұмыс дәптерлері);
- Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын апробациялау бойынша нормативтік құжаттардың жинағы;
- Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын апробациялау мониторингісінің әдіснамасы бойынша әдістемелік нұсқаулық;
- Екі тілдегі бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Қазақстанның көрнекі геометриясы – оқу құралы.

30 пилоттық мектептердің мұғалімдері CD дискілерде «Мұғалімге арналған әдістемелік материалдар кітапханасы» электрондық ресурсын алды:

- жүйелі әдістемелік кешен;
- 10 пән бойынша шеберлік сыныптары;
- 50 қазақ ертегісі мен батырлар жыры жинағы;
- «Бақытты балалық шақ» 50 балалар әндерінің жинағы;
- «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарын жүзеге асыру бойынша қазақ ұлттық танымдық ойындар (10 әзірлемесі);
- Қазақстан Республикасы Президентінің «Тарих толқынында» кітабының желісі бойынша 20 бөлімдік («Дүниетану», «Қазақ тілі», «Әдебиет» пәндерінің мұғалімдеріне арналған) «Қазақ елі» анимациялық мультфильмі.

Осылайша, пилоттық мектептер жаңартылған білім беру мазмұнының апробациясымен толық ресурстық қамтамасыз етілді.

2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап республиканың 30 пилоттық мектебінде бастауыш мектептің білім беру бағдарламаларының апробациясы басталды. Апробацияға 143 бірінші сынып, 3452 бірінші сынып оқушылары және бірінші сыныптардың 433 мұғалімі қатысады.

2015 жылдың қыркүйегінде елдің пилоттық және бақылау мектептерінде 1-ші сынып оқушыларының білім мен дағдылары деңгейін анықтау үшін диагностикалық мониторинг өткізілді.

Апробацияның бірінші жарты жылында 30 пилоттық мектептің педагогтарын әдістемелік қолдау мақсатында Зияткерлік мектептер пилоттық мектептердің **4,3 мың мұғалімінің** қатысуымен **277 семинар**, әртүрлі бағыттағы **1,8 мың мұғалімге арналған 140 тренинг** ұйымдастырып өткізді.

Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің шығармашылық тобы оқытудағы жаңа әдістер және тәсілдемелермен таныстыру мақсатында пилоттық мектептерге арнап 319 шеберлік сыныбын өткізді, оның ішінде **командалық оқыту әдісімен 146 сабақ** көрсетті.

Практикалық көмек көрсету үшін Зияткерлік мектептердің әдіскер мұғалімдері **пилоттық мектептер педагогтарының 474 сабағына** қатысты.

24 мектепте 138 пән мұғалімдеріне арналған **ағылшын тілінің курстары** ұйымдастырылды.



ДББҰ-да sk.nis.edu.kz форумында пилоттық мектептердің педагогтарына қолдау көрсететін кеңес беру қызметі (оқу бағдарламалары, ОӘК, бағалау жүйесінің авторлары мен құрастырушылары қатарынан) құрылды.

Осылайша, дербес білім беру ұйымының есепті кезеңінде ДББҰ Даму стратегиясының келесі негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізілді:

- 20 Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жүйесі құрылды;
- Астана қаласының Зияткерлік мектебі МҰП негізгі мектебін авторизациялау құқығына ие болды;
- Кіріктірілген білім беру бағдарламасының апробациясы өткізілді, оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу мен қайта өңдеу жүргізілді;
- Серіктес мектептермен ынтымақтастық жүзеге асырылды: Кембридж университеті білім беру факультетінің SUPER-серіктес мектептері, Ұлыбритания, Silicon Valley Innovation Center Сан-Матео қаласы, Силикон алқабы, Калифорния, АҚШ, PERMATApintar Дарынды оқушылар орталығы, Малайзия, О.Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта мектеп-интернаты;
- Тілдік пәндер бойынша 1 және 4 сыныптар үшін Кембридж университетінің баспасымен бірлесіп ОӘК жобалық нұсқалары әзірленді;
- Авторлар құрастырған қазақ және орыс тілдеріндегі оқу материалдарының 9870 беттері редакциядан өтті;
- 44,5% мұғалім екі тілде жұмыс жасай алады;
- 220 қазақстандық мұғалімдер сабақтарын ағылшын тілінде өткізеді;
- 420 мұғалім сертификатталған тренерлер болып табылады;
- 1321 оқушы республикалық және халықаралық олимпиадалардың, ғылыми жоба байқауларының жүлдегерлері болды;
- Зияткерлік мектептердің түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі беделді оқу орындарына түседі;
- Мұғалімдердің жүйелі бірлестігі жұмыс істейді;
- Елдің орта білім беру жүйесіне Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі таратылады.

